

П И О Н Е Р



ИЮНЬ

1954 ЖЫЛ

№ 6



СЕНІҢ БАҚЫТЫҢ

Алматының Максим Горький атындағы мәдениет және демалыс паркіне жақындасаң, алдыңнан биік қақпа көрінеді. Оның маңдайшасында: «Кіші түрксіб» деген жазу тұр. Сен асыға, қуана басып қақпадан өтіп, аулаға кіресің...

Әдемі вокзал. Балалар билет кассасынан билет алып жатыр. Сен де билет алдың.

— Үш минуттен кейін поезд келесі сапарға жүреді, — деген дауыс естіледі.

Сен асыға басып перронға шығасың. Алдында темір жолда тұрған әдемі жасыл вагондарды, кішкентай паровозды көресің. Тағы бір көзге түсетін нәрсе: мұнда қызмет етіп жүргендердің бәрі — вокзал дежурныйы, кондукторлар, тіпті машинистке дейін — жас өспірім балалар мен қыздар.

Соңғы гудок. Поезд қозғалды. Қуана күліп, шатты балалардың ішінде сен де кете бардың...

Қашан еді осы жол туралы алғаш естігенің?

Я, бұл 1949 жылы. Бірақ ол жылы бұл жол жоқ болатын. Онда Алматыда пионерлер слетінде балалар «Бізге темір жол керек» деді. Ал, екі жылдан кейін олардың талабы іске асып та болды.

Мұндай темір жолдар — балалар темір жолы — еліміздің талай қалаларында бар. Бұл — совет балаларына деген қамқорлықтың мыңнан бірі ғой.

Жүздеген мың мектептер, балалар санаторийлері мен парктері, пионерлер сарайы, пионерлер лагерьлері ше? Бәрі де совет балаларының бақыты үшін, олардың оқып білім алуы, өнерлі болуы үшін, жақсы, көңілді демалуы, сау болып, шынығын өсуі үшін берілген.

Коммунистік партиямыз бен совет үкіметі совет жастарын, совет балаларын халқымыздың үміті, келешегі деп санайды. Олардың өсіп жетілуі үшін ешнәрсе аямайды, не тілесе, соның бәрін береді. Елімізде жүзеге асырылып жатқан небір ұлы істердің барлығы солардың келешегі үшін, бүкіл советтік Отанымыздың бақыты үшін істеліп жатыр.

Осындай ұлы істердің бірі — тын және тыңайған жерлерді игеру. Партия мен үкіметіміз елімізде астық байлығын, азық-түлік молшылығын жасау үшін, халқымыздың онан сайын аukatты болуы үшін 1954—1955 жылдары яғни екі жылдың ішінде 13 миллион гектар жаңа жер жыртып, одан бір миллиардтан астам пұт астық алу туралы қаулы алды.

Біз совет үкіметі мен Коммунистік партиямыздың үнемі бейбітшілік үшін яғни жаңа соғысқа жол бермеу үшін қандай қажырлықпен күресіп келе жатқанын жақсы білеміз. Бұл да — совет халқының оның бақытты жас ұрпағының қуанышты бейбіт өмір сүруі жолындағы қамқорлық.

Міне, совет балаларының, совет адамдарының өмірі әр уақытта да партия мен үкіметтің осындай ұлы қамқорлығына толы.

Өткен жылы жазда Алматыға қопаққа келген румын жазушысы қаланың сыртындағы атақты

«Ақсай» пионер лагерінде болды. Бізбен дос халықтық-демократиялық республиканың өкіліне балалар өздерінің бақытты өмірі, оқуы, қалай көңілді демалып жатқаны туралы айтты, лагерь қызықтарын көрсетті. Ал, үшінші класс оқушысы бүлдіршіндей бір кішкене қазақ қызы оған пионер значогін тарту етті.

— Атың кім, қарағым, — деп сұрады қонақ.

— Қарлығаш.

— Әкең қайда жұмыс істейді?

— Әкем жоқ... соғыста қаза тапты.

Жазушы сәл бөгеліп қалды да:

— Ендеше сені кім оқытады, кім сені мұнда демалуға жіберген, — деді жорта Қарлығашты сынағысы келіп.

Қарлығаш жазушының бұл сұрағын оғаш көріп, таңырқағандай оның бетіне қарады да:

— Бізде оқымайтын, көңілді дем алмайтын бала жоқ, — деді. Оның бұл жауабы — «Совет елінде ешбір бала жетімдік, жоқшылық көрмейді, ол Отан құшағында өседі» дегені еді. Совет елінің, совет балаларының бақытты өмірін жақсы білетін румындық дос Қарлығаштың жауабын әбден түсінеді де және қатты сүйсінеді де.

Я, Совет Одағының үлгісімен социализм құру жолына түскен халықтық-демократия елдерінің Чехословакия, Польша, Болгария, Румыния, Венгрия, Албания және Қытай халық республикасының балалары да қазір бақытты өмір сүруге, оқуға, қызықты демалуға мүмкіндік алды.

Ал, капиталистік елдердегі балалардың жайы мүлде басқаша екенін біз жақсы білеміз. Америка, Англия, Франция сыяқты мемлекеттердегі еңбекшілердің балалары оқу, көңілді демалу түгіл бір үзім нанға зар болып, үнемі қайыршылыққа, аштыққа, жаппай ауруға ұшырауда. Оларға үкімет тарапынан ешқандай қамқорлық істелмейді. Балалардың жорын жоқтаушы — тек бұл елдердің Коммунистік партиялары ғана...

Мемлекет қамқорлығына, халық қамқорлығына бөленген совет балалары — өз елінің жалынды патриоттары. Олар советтік Отанын шексіз сүйеді, мақтаныш етеді, совет азаматы деген ұлы ардақты атаққа лайық болып өсуге талпынады. Ал, үкіметіміз бен партиямыз олардың өсіп, жетілуіне барлық жағдай жасап:

— Бәрі де сендердің бақытың үшін! — дейді.

Быйыл бірінші июнде балаларды қорғаудың халықаралық күні бесінші рет өткізіледі. Бұл күні адал ниетті адамзат баласы «Соғысты болдырмаймыз!» деп қуатты ұран көтереді. Олар өздерінің балаларын да Совет Одағының және халықтық-демократиялық елдерінің балаларындай бақытты өмір сүруін тілеп, азаттық жолындағы күресін күшейте бермекші.

ЖУБАН МОЛДАҒАЛИЕВ.






ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 6
ИЮНЬ
1954 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



ЖАС ПИОНЕРДІҢ САЛТАНАТТЫ СЕРТІ

Мен, Совет Одағының жас пионері, өз жолдастарымның алдында Ленин өсиеттерінен айнымауға, біздің Коммунистік партияның ісі үшін, коммунизмнің жеңісі үшін табанды болуға Салтанатты серт беремін. Өзімнің советтік Отанымның лайықты азаматы болу үшін өмір сүруге және оқуға уәде беремін.

(„Жас пионерлердің В.И. Ленин атындағы Коммунистік балалар ұйымы туралы Ережесінен“).





БЛКЖО ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БЮРОСЫ БЕКІТКЕН

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымы туралы ЕРЕЖЕ

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымы Совет Одағының мектеп оқушыларын өз қатарына біріктіретін бұқаралық саяси ұйым болып табылады.

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымы Совет Одағының Коммунистік партиясының басшылығымен жұмыс істейді. Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы Коммунистік партияның тапсыруы бойынша пионер ұйымының күнбе-күнгі жұмысымен шұғылданып отырады.

Жас пионерлер — Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының жеткіншегі. Әрбір пионер БЛКЖО мүшесі болуға ұмтылады. Пионер ұйымы пионерлерді БЛКЖО қатарына кіруге даярлайды.

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымы Коммунистік партияға, комсомолға, совет мектебіне пионерлерді саналы, мәдениетті, дені сау, шат көңілді, тәртіпті, батыл, коммунистік қоғамның қыйыншылықтардан қорықпайтын құрылысшылары етіп өсіруге; балаларды советтік Отанға сүйіспеншілік, халықтар арасындағы достық және пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Жас пионерлер ұйымының аса маңызды міндеті — мектепке, мұғалімге оқушылардың жоғары үлгімі және тәртібі жолындағы, терең және тыянақты білім алуы жолындағы күресте мектеп оқушыларын зейінділікке және білуге құмарлыққа, табандылыққа және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуге, балаларды дене еңбегін құрметтеуге және оған сүйіспеншілікке, өзін өзі күтуге дағдыландыруға, шамасы келетін жұмыстың қай-қайсысын болса да орындай білуге баулуға көмектесу.

Пионер ұйымдары балалардың денсаулығына және олардың демалысын дұрыс ұйымдастыруға күн сайын қамқорлық жасап отыруға, мектеп оқушыларын физкультура, пән, техника үйірмелеріне, жас натуралистер, көркемөнер үйірмелеріне кеңінен тартуға жәрдемдесуге, көпшілік ойындарын, экскурсиялар, жорықтар өткізуге міндетті.

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымының бүкіл жұмысы пионерлердің кең инициативасы және өздігінен істеуі негізінде, балалардың жасын, мүдделері мен тілектерін ескеру негізінде құрылады.

I. ЖАС ПИОНЕРЛЕР ҰЙЫМЫНА АЛУ

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымына 9-дан 14 жасқа дейінгі мектеп оқушылары алынады. Пионер ұйымына мектептердің және балалар үйлерінің пионер дружиналары мен отрядтарының алуға правосы бар.

Пионер ұйымына кіргісі келген мектеп оқушысы бұл жөнінде отряд советінің председателіне, немесе (пионер отрядтары жоқ жерде) дружина советінің председателіне ауызша мәлімдейді. Мектеп оқушысын пионер ұйымына алу туралы мәселе пионер отрядында немесе (отрядтар жоқ жерде) пионер дружинасында талқыланады да, бұдан кейін ашық дауыс беру жолымен шешіледі. Пионер ұйымына кіргісі келген мектеп оқушысы Салтанатты серттің текстімен танысады және сол жыйында дружинаның Қызыл туы алдында жас пионердің Салтанатты сертін береді.

ЖАС ПИОНЕРДІҢ САЛТАНАТТЫ СЕРТІ

«Мен, Совет Одағының жас пионері, өз жолдастарымның алдында Ленин өсиеттерінен айнымауға, біздің Коммунистік партияның ісі үшін, коммунизмнің жеңісі үшін табанды болуға Салтанатты серт беремін. Өзімнің советтік Отанымның лайықты азаматы болу үшін өмір сүруге және оқуға уәде беремін».

«Коммунистік партияның ісі үшін күреске дайын бол!» деген ұранға пионер: «Әрқашанда дайынмын!» деп жауап қайтарады және пионерлік салют береді.

Пионер Совет Одағының Гимні, коммунистер партиясының Гимні «Интернационал», одақтас республикалардың Гимндері орындалғанда салют береді.

Пионер вожатыйлармен және пионерлермен салют арқылы сәлемдеседі.

Әрбір пионер пионер ұйымына қатысының белгісі ретінде қызыл галстук және «Әрқашанда дайынмын!» деген омырау значогін күнде тағып жүреді. Значок сол жақ омырауға тағылады.

II. ЖАС ПИОНЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ПРАВОЛАРЫ

Жас пионер:
жас пионердің Салтанатты сертін орындауға;
мектепте және мектептен тыс жерде зейін сала оқуға және тәртіпті болуға, мұғалімді, үлкендерді құрметтеуге, әдепті болуға;



еңбек сүйгіш болуға, басқалардың еңбегін құрметтеуге, халық дәулетін сақтауға;

қоғамдық жұмысқа қатысуға, ата-аналарға, ересектерге көмектесуге;

адал және шыншыл, жақсы жолдас болуға, өзінен кішілерге қамқорлық жасауға;

физкультурамен және спортпен шұғылдануға міндетті.

Жас пионер:

өз звеносының, отрядының, дружинасының барлық жұмысына қатысуға;

пионер ұйымы жұмысының барлық мәселелерін талқылауға қатысуға;

звено вожатыйы болып сайлануға, отряд советіне, дружина советіне сайлануға;

БЛКЖО қатарына кіруге рекомендация беруді сұрап, дружина советіне өтініш айтуға праволы.

Пионердің формасы: (еркек балалардың) ақ көйлегі және қоңыр түсті шалбары, (қыз балалардың) ақ блузкасы және қоңыр түсті юбкасы болады. Пионер пионер жыйындарына, слёттерге, парадтарға, демонстрацияларға, салтанатты кештерге және ертегіліктерге формасын киіп келеді.

III. ПИОНЕР ДРУЖИНАСЫ, ОТРЯДЫ, ЗВЕНОСЫ

Жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымының негізі пионер дружиналары болып табылады. Пионер дружиналары кемінде үш пионері бар мектептерде және балалар үйлерінде құрылады. Жазғы каникулдар кезінде пионер дружиналарын пионер лагерьлерінде құруға болады.

Пионер дружиналарына басшылық ету үшін комсомолдың аудандық комитеттері, қалалық комитеттері бұл жұмысқа неғұрлым даярлығы бар БЛКЖО мүшелерінің ішінен аға пионер вожатыйлар бөледі.

Аға пионер вожатый — пионерлердің тәрбиешісі және аға жолдасы, олардың өздігінен істейтін істерінің ұйымдастырушысы. Вожатый мұғалімдермен тығыз байланыста жұмыс істейді, мектептің, балалар үйінің педагогтік советінің мүшесі болады. Вожатыйдың жұмысын комсомолдың аудандық комитеті, қалалық комитеті басқарады.

Дружинаның жұмысын дружинаның советі ұйымдастырады, совет ашық дауыс беру жолымен 3-тен 15 адамға дейінгі мөлшерде дружинаның жыйынында сайланады. Совет өз құрамынан дружина советінің председателін сайлайды. Дружина советінің құрамына аға пионер вожатыйы кіреді. Саны 10 пионерден кем пионер дружинасында дружина советі сайланбайды, дружинаның председателі сайланады.

Дружина советі аға пионер вожатыйдың басқаруымен, мектептің директорымен, класс жетекшілерімен және мұғалімдерімен бірлесіп, пионерлердің жақсы оқуына, тәртіпті болуына, еңбекке және қоғамдық жұмысқа белсене қатысуына жетуді көздейді.

Дружина советі пионер жыйындарын, әңгімелер, конкурстар, пионерлердің техника, еңбек, бейнелеу творчествосы саласындағы жұмыстарының көрмеле-

рін, туған өлкеге жорықтар мен экскурсиялар ұйымдастырады және өткізеді, пионерлерді әртүрлі үйірмелерге, физкультура ойындарына, спорт жарыстарына және басқа бұқаралық шараларға қатыстырады. Дружина советі отрядтарға, жеке пионерлерге тапсырмалар береді және бұл тапсырмалардың орындалуын тексереді. Дружина советі пионерлерге шамадан тыс қоғамдық және басқа тапсырмалардың берілмеуін қадағалап отырады.

Пионер дружиналарындағы, отрядтарындағы және звеноларындағы бүкіл жұмыс мазмұнды, көрікті, қызықты және тартымды болып жүргізілуге, барлық пионерлерді қамтуға тиіс.

Пионер дружинасының пионерлерге БЛКЖО қатарына кіруге рекомендация беруге правосы бар. Комсомолға кіргісі келген пионер пионер дружинасының рекомендациясын алу үшін отряд советіне ауызша мәлімдеп өтініш айтады. Рекомендация туралы мәселе алдын ала отряд советінде талқыланады да, дружина советінде шешіледі.

Пионер дружинасының жас пионерлердің абройы мен топтасқандығының, олардың социалистік Отанға, Коммунистік партияның ісіне шексіз берілгендігінің бейнесі — пионерлік Қызыл туы болады.

Дружинаның туы дружинаның барлық жыйындарына әкелінеді. Дружина тумен демонстрацияларға, слёттерге, парадтарға шығады. Дружинаның горны және барабаны болады.

Пионер дружинасы отрядтардан құралады. Отрядтар кемінде 20 пионері бар дружинаға құрылады. Отряд, әдетте, бір класта оқыйтын пионерлерді біріктіреді.

Пионер отрядтарына басшылық ету үшін комсомолдың аудандық комитеттері, қалалық комитеттері орта және жоғары оқу орындарының, кәсіпорындардың, мекемелердің колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың неғұрлым белсенді комсомолецтері есебінен вожатыйлар бөледі. Отряд пионер вожатыйы класс жетекшісімен тығыз байланыста, аға пионер вожатыйдың басқаруымен жұмыс істейді.

Отрядтың жыйынында ашық дауыс беру жолымен 3-тен 5 адамға дейінгі мөлшерде отряд советі сайланады. Совет өзінің құрамынан отряд советінің председателін сайлайды. Отряд советінің құрамына отряд вожатыйы кіреді. Саны 10 пионерден кем отрядта отряд советі сайланбайды, отрядтың председателі сайланады.

Пионер отрядының Қызыл жалауы болады. Отряд жыйындарға, слёттерге, демонстрацияларға, парадтарға, жорықтарға жалауын алып шығады.

Саны 20-дан аса пионерлерді біріктіретін пионер отряды звеноларға бөлінеді. Звеноның жұмысын звено вожатыйы ұйымдастырады, ол звено жыйынында ашық дауыс беру жолымен пионерлерден сайланады.

Пионер дружиналарында звено вожатыйларының, отряд советтері мен дружина советтерінің есептері мен сайлаулары жылына бір рет өткізіледі.

Дружина, отряд советтерінің мүшелері мен пред-



седательдері және звено вожатылары сол жақ жеңіне, шынтағынан жоғары, айырым белгілерін — қызыл түсті, ұзыны төрт сантиметр, ал көлденеңі бір сантиметр жолақтар тағып жүреді. Дружина советінің председателі мен дружина советі мүшелері — екі жолақ, звено вожатыы мен отряд советінің мүшелері — бір жолақ тағып жүреді.

Пионер ұйымы оқудағы, еңбектегі және қоғамдық жұмыстағы табыстары үшін пионерлерді мақтап отырады. Үздік шыққан пионерлерге мақтау шаралары: отряд советінің ұйғаруымен — звеноның немесе отрядтың сапы алдында алғыс жариялау; дружина советінің ұйғаруымен — дружинаның сапы алдында алғыс жариялау; дружинаның желбіреген Қызыл туы алдында, аудандық (қалалық) пионер ұйымының Қызыл туы алдында суретке түсіру. Таңдаулы пионерлер комсомолдың облыстық комитетінің, өлкелік комитетінің, одақтас республиканың ЛКЖО Орталық Комитетінің, БЛКЖО Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен наградталады. Ерекше үздік шыққан пионер отрядтары, дружиналары және пионер қызметкерлері В. И. Ленин атындағы пионер ұйымының Құрмет кітабына жазылады.

Өзінің міндеттерін орындамайтын пионерлерге мынадай жаза шаралары: отряд немесе дружина советінің ескертпесі немесе бетке басуы; звеноның немесе отрядтың жыйынында талқылау; отряд советінің ұйғаруымен — звеноның немесе отрядтың сапы алдында сөгіс жариялау; дружина советінің ұйғаруымен — сөгіс жариялау шаралары қолданылады. Пионерлердің жазығын талқылағанда пионерге зер сала, қайырымдылықпен қарау қамтамасыз етілуге тиіс.

IV. ЖАС ПИОНЕРЛЕРДІҢ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, ОКРУГТІК, ОБЛЫСТЫҚ, ӨЛКЕЛІК, РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЙЫМЫ

Ауданның, қаланың барлық пионер дружиналары жас пионерлердің аудандық, қалалық ұйымын құрады.

Жас пионерлердің аудандық, қалалық ұйымының пионерлік Қызыл туы болады. Пионерлік Қызыл ту революция мейрамдары күндері демонстрацияларға, жас пионерлердің аудандық, қалалық ұйымдарында өткізілетін пионер слеттеріне және басқа бұқаралық

шараларға алып шығарылады. Қызыл ту БЛКЖО аудандық комитетінде, қалалық комитетінде сақталады.

Жас пионерлердің барлық аудандық, қалалық ұйымдары жас пионерлердің округтік, облыстық, өлкелік, республикалық ұйымын құрады.

Республикаларда, өлкелерде, облыстарда, қалаларда, аудандарда жас пионерлер ұйымдарына басшылық етуді партия ұйымдарының тапсыруы бойынша комсомолдың республикалық, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық комитеттері жүзеге асырады.

Жас пионерлердің барлық облыстық, өлкелік және республикалық ұйымдары жас пионерлердің В. И. Ленин атындағы коммунистік балалар ұйымын құрады. Оның практикалық қызметіне басшылық етуді СОКП Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша БЛКЖО Орталық Комитеті жүзеге асырады.

V. ПИОНЕР ҰЙЫМЫ, КОМСОМОЛ ЖӘНЕ МЕКТЕП

Пионер ұйымына қамқорлық жасау — БЛКЖОның негізгі міндеттерінің бірі. Комсомол ұйымдары пионер отрядтары мен дружиналарының жұмысына күнбе-күн басшылық етіп отыруға, пионерлердің өздігінен іс істеуін дамытып отыруға, әрбір пионердің оқуда және тәртіп сақтауда, көшедегі, семьядағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлықта оқушыларға үлгі болуына жетуге тиіс. Комсомол ұйымдары балалар баспасөзіне, пионер лагерьлерінің, пионерлердің сарайлары мен үйлерінің, пионер бөлмелерінің, спорт алаңдарының, балалар театрларының, жас натуралистер жас техниктер, жас туристер станцияларының жұмысына қамқорлық жасауға міндетті.

Комсомол ұйымдары пионерлер арасындағы жұмысты халық ағарту органдарымен, мектептердің және балалар үйлерінің педагогтер коллективтерімен тығыз байланыста жүргізеді.

Мектептердің директорлары мен мұғалімдері пионер жұмысын оқушыларды оқыту және коммунистік рухта тәрбиелеу саласындағы бүкіл жұмыстың бір бөлегі деп қарайды, пионер отрядтары мен дружиналарының жұмысына белсенді ықпал жасап отырады.





БЛКЖО XII съезі не шешті

ПИОНЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

А. Ибраева,

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары,
БЛКЖО XII съезінің делегаты.

В. И. Ленин атындағы пионер ұйымы біздің елімізде бүкіл халықтық сүйіспеншілік пен қамқорлыққа бөленген.

Пионер болу — әрбір оқушы үшін абройлы іс. Жас оқушы пионер қатарында болуды арман етеді, пионерлік істер оларды қатты қызықтырады. Өйткені қазіргі уақытта мектептердегі пионер жасындағы оқушылардың басым көпшілігі — пионерлер.

Пионер отрядтарында балалар өз Отанына шын берілген, Коммунистік партия ісіне адал болып өседі. Жас пионерлер қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, үлкендерге көмек көрсетеді. Пионерлердің көбі ақ сабақты жақсы оқиды, өзін тәртіпті ұстайды.

Үстіміздегі жылдың март айында болып өткен Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының XII съезі пионер ұйымы жұмысындағы осы тәріздес жетістіктермен қатар, елеулі кемшіліктерді атап көрсетті.

Біздің ішімізде әлі де нашар үлгеретін пионерлер бар. Олар білім алу мен тәртіпті болу жағынан мектептегі басқа оқушыларға үлгі болмай келеді. Көптеген пионер ұйымдарында оларды тәрбиелеу жұмысына жеткілікті мән берілмейді. Олар сабақты нашар оқыйтын, тәртібі төмен балаларға коллективтің ықпал жасауын ұйымдастырмайды. Ал, тентектер мен жалқауларды тәрбиелегісі келетін ұйымдардың өзінде жұмыс іскерлікпен жүргізілмейді, олар тәртіпсіз балалар мен сабағын үлгермейтіндерді «талқыға салумен» қанағаттанады.

Пионер ұйымдарының жұмыстарында оқу жұмысының әдістерін пионер ұйымына әншейін енгізе салу фактылары байқалады. Жекеленген пионер вожатыйлары сабақты үлгеру есебін жүргізумен шұғылданады. Көптеген отрядтарда пәндік жыйындар кең орын алған, ондай жыйындарда пионерлер оқу программасының жеке тақырыптарын оқып үйренеді, өткен сабақты қайталайды,

Мұғалімнің тапсырмаларын орындайды. Жыйындардың өзі сабаққа ұқсас болып өтеді.

Пионер ұйымының мұғалімге көмегі бұлай болмауға тиіс. Пионер ұйымы балаларды шын ықласпен оқуға тәрбиелеп, әртүрлі үйірмелердегі, мектеп жанындағы тәжірибе участоктеріндегі, оқу кабинеттеріндегі, мектеп лабораторияларындағы практикалық істер арқылы олардың ғылымға деген сүйіспеншілігін арттыруға тиіс.

Пионерлер арасындағы техникалық творчество мен натуралистік жұмыс мектеп оқушыларының политехникалық білім алуына көмектесіп, олардың алған білімін практикада қолдана білуге үйретуге, пионерлердің өнеркәсіппен, ауыл шаруашылығымен байланысын нығайтуға тиіс.

Отрядтар мен дружиналарда пионерлерді техникалық үйірмелерге белсене қатыстырып, жас математиктер, физиктер, химиктер, натуралистер олимпиадаларын, конкурстарын, әртүрлі көрмелер, авиамоделистер жарысын ұйымдастыру керек. Көрнекті адамдармен — еңбек озаттары және ғылым қайраткерлерімен кездесулер өткізіп, МТС-тар мен совхоздарға экскурсиялар ұйымдастырып тұру қажет.

Съезд мектептер мен балалар үйлері жанынан оқу-тәжірибе участоктарын құруды міндеттеді. Сонда мектеп бағында жұмыс істеу, гүлдер егуге пионерлер мен мектеп оқушылары белсене қатысатын болады. Пионер дружиналарында тандаулы жас бағбан, гүл өсіруші, овощь өсіруші болуға конкурстар ұйымдастырып, құс күні, орман күні, бақ аптасы, егін, гүл мейрамдары сыяқты балалар мейрамдарын өткізіп тұру керек.

Біздің ортамызда өзінің пионер деген атын қадірлемейтін, оған кір келтіретін оқушылар да бар. Олар өздерін мектепте де, үйде де, көшеде де нашар ұстайды, ата-ана-



БЛКЖО-ның XII-съезінің делегаттары Кремль ішінде.

ларына, мұғалімдерге, үлкен адамдарға дәрекі мінез көрсетеді.

Мұндай балаларды түзу жолға түсіру, адалдыққа, кішіпейілділікке, тәртіптілікке тәрбиелеу керек. Олармен жақсы оқыйтын, қоғамдық еңбегі бар, тәртіпті, кішіпейіл адамдарды мысалға ала отырып әнгімелесу қажет. Жалпылама ақылгөйлік тәрбие жұмысында көп нәтиже әпермейді.

Пионерлер кабинеттерді жабдықтауға, мектеп маңын көркейтуге, спорт алаңдарын жасауға, мектептерді радиоландыруға қатысуға тиіс. Олар үй шаруашылығына көмектесуге міндетті. Сонда ғана пионер адал еңбекті сүйеге тәрбиеленеді.

Пионерлік міндеттердің бірі — тимуірлық іс. Олар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің семьяларына, мүгедектер мен қарттарға көмек көрсетуге тиіс.

Пионерлер әрқашан да шыныққан, берік адамдар болуы керек. Пионер ұйымында болған уақытында оқушының жорықта жүруге дағдылануы, БГТО значогіне норма тапсыруы қажет.

Съезд балалар көркем өнерпаздығын байқау, ән мейрамдарын өткізіп тұруға ерекше мән берді. Пионерлер мен мектеп оқушылары арасында жаппай ән айту, хорға қосылу ісін дамыту керек.

Пионерлер—өз ұйымының қайраткері. Әр пионер отрядта белгілі жұмыс істеуге, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуға тиіс. Біздің пионер ұйымы жұмысындағы елеулі кемшіліктің бірі — пионерлердің ешнәрсе істемейтіні, олардың жұмысын ылғый үлкендердің істеуі болып келді. Съезд мұндай кемшіліктерді жоюды міндеттеді. Көптеген отрядтар мен дружиналарда алдын ала дайындалатын жобамен көңілсіз жыйындар өткізуді, пионерлерді үлкендердің жазып берген текстермен сөйлеуге әдісін съезд қате әдіс деп тапты.

Көптеген ұйымдарда пионерлердің жақсы дәстүрлері естен шығарылған. Пионер слеттері, парадтар, костерлер, мейрамдар сирек өтеді. Салтанатты сапқа тұру, ту

алып шықпай-ақ, горн мен барабансыз өткізіледі. Онда пионер әндері айтылмайды.

Съезд комсомол ұйымына балаларға арнап ойындар, қызықты және көңілді істер ұйымдастыруды тапсырды. Жыйындарда пионерлер кітаптарды, спектакльдерді, кинофильмдерді талқылап, ойынға, әнге, биге жаттығуға тиіс.

Съезде жас натуралистер, техникалық үйірмелері арасындағы жұмысқа жарыс элементтерін енгізуді ұсынды. Озат пионерлер кеудесіне «Жас натуралист», «Жас техник», «Жас турист» значогін тағатын болады.

Мектепте үш жылдан аса уақыт ойдағыдай жұмыс істеген аға вожатыйлар БЛКЖО Орталық Комитетінің омырауға тағатын «таңдаулы пионер вожатыйына» деген значогін алады.

БЛКЖО XII съезі Совет Одағының жас пионерлерін қажырлылықпен оқып білім алуға, қоғам жұмысына және қоғамдық пайдалы еңбекке белсене қатысуға, еліміздегі коммунистік қоғамның белсенді құрылысшылары болуға шақырды.

БЛКЖО XII съезінің бұл шақыруына іспен жауап беруде Қазақстан пионерлері де елеулі үлес қоса алады.



Тыңға шабуыл

Очерк

ПОЕЗДА

Алматы қалалық комсомол комитетінде сірәдә мұндай көп адам жыйналмаған болар. Жұмысшы киімін киген жас жігіттер мен қыздар бөлмелер мен коридорға иін тіресіп сыймай кетті.

Қабылдау комиссиясының столына қағаз аққуба қыз келді.

— Валя Медведева, — деп таныстырды ол өзін. — «Объединения» артелінде қызмет істеп едім. Енді трактористік оқуға барғым келеді.

— Саған қыйын соқпай ма, Валя? — деп сұрайды комиссияның председателі. — Бұл қыйын жұмыс. Алдында әлі талай ауыртпалық кездеседі...

— Партия айтқан соң комсомол ол қыйындықты жеңіп шығуы керек! Мен комсомол мүшесімін ғой.

Комиссия Валяның тілегін қанағаттандырды.

Қуанышы қойнына сыймаған Валя үйіне тез жетуге асығып келеді. «Комсомол жолдамасы» деп сыртын алтындап жазған қызыл жұқа книжканы ол әлсін-әлсін қарайды. Жыйналуға уақыт аз — ертең поезд солтүстікке тың жерлерге аттанады...

Республика астанасы өзінің өкілдерін зор қошеметпен шығарып салды. Вокзал басында жүздеген адам болашақ диқандарға: «Сапарларың оң болсын!», «Басқан іздеріңе гүл өссін!» — деген игі тілек білдірді. Жолаушыларды шығарып салуға қолтықтарында бума-бума кітаптары бар пионерлер де келді. Балалар үлкен ағалары мен апаларына сыйлаған кітап вагонның бір күпесіне сыймай кетті. Эшелон орнынан жылжысымен-ақ жолаушылар осы күпенің алдына өзара келіскендей жыйнала қалыпты.

— Оқуға лайық бірдеңе табылар ма екен? — деп сұрайды комсомолец, баспаханашы Демеш Отарбаев. — Кітапсыз қыйын ғой.

— Мінеки, оқуға ғана емес, мүлдем ал.

Демеш қалың қызыл кітаптың бірінші бетін ашқанда, күтпеген жылы сөздерге көзі түсті:

«Бейтаныс ағайға 51-мектептің 6-«В» класының пионері Бирюкова Зинадан. Жақсы еңбек етуіңізге тілектеспін. Сіздермен бірге кетер едім, әттең комсомол қатарына кіруге жасым жеткен жоқ! Ертең оқу бітірген соң мен де тың жерлерге барамын».

— Сыйлық деп осыны айт! — деп қалды қуанып кеткен Демеш. — Бізге білдірген тілектестігіңді ешқашан да ұмытпаспын. Кітабыңды да жанымнан қалдырмаспын.

Поезд зымырап алға тартып барады. Үлкенді-кішілі станциялар, биік таулар мен белбеудей шұбатылған белдер, қар жамылған далалар артта қалып барады. Жастар бірімен-бірі танысып шүйіркелесіп достасып жатыр. Ортақ мүдде, ортақ тілек, ортақ қуаныш достастырмағанда қайтсін. Міне көрші купеден бір ән басталып еді, екінші купе кө-

теріп әкетті. Ән бойға біртіндеп тараған ыстық қандай вагоннан вагонды, бүкіл эшелонды баурап алды.

Осы алматылықтардың әні тоқсан торап жолмен Қазақстанға келе жатқан москвалықтардың, ленинградтықтардың, украиндықтардың үніне ұласқан тәрізденді. Жаны ұқсастардың әні де ұқсас болады ғой:

Жаныма аяулы бұл аймақ.

Тың жерлер ұйқыдан оянбақ...

КОЛХОЗ ДӘУЛЕТІ

Борис Сорокин, Аня Нефедова, Валентин Бурдов табан аудармай Москвада өскен еді. Борис пен Аня ғажап машиналармен жабдықталған Москваның станок жасаушы үлкен заводында қызмет істеді. Валентин болса, Москвада жеңіл машинамен адамдар тасыған-ды. Жастар жолы бір күні Кремльде түйісе қалды — тың және тыңайған жерлерге баратын жастарды аттандырып салу кешінде олар танысып, бір МТС-ке бірге кетуге келісті...

Поезд Қарақоға станциясына түн ортасында келіп тоқтады да, іле жүріп кетті. Түн құшағында қалған москвалықтар жан-жағына қарасты: көз ұшынан жарқыраған бір-екі от көрінді.

— Қайда барамыз? — деген Бористың сөзін қараңғылық қойнынан шыққан бейтаныс дауыс бөліп кетті:

— Москвадан келген сіздер емес пе, жолдастар?

— Я, — деді Аня.

— Қәні, танысып қояйық. Галай, МТС директоры.

Қонақтарды қарсы алуға парторг пен комсомол ұйымының секретары келіпті. Жолда олар жаңа келгендерге поселокта әлі электр жетіспейтіндіктерін айтты. Москвалықтар уақытша қонақ үйге орналасатын болды. Қонақүй қолың созсаң төбесіне жететін аласа екен.

Аня май шамның білтесін көтеріңкіреп жақсылап жандырды да, радионы сөйлетті. Бала жастан таныс диктордың дауысы құлаққа келді.

— СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысын береміз.

Туған қаланың үнін комсомолдар ынтыға тындады, партия үндеуіне өз мекемелерінде бірінші болып үн қосып, жаңа жерлерді иге-

руге келгендіктері үшін мақтаныш сезіміне бөленді. Диктор бір кезде тың және тыңайған жерлерді игеруде бай тәжірибесі бар атақты колхоздарды атап жатыр еді, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы Қонюхов ауданы «Путь Ленина» колхозы да аталды...

— Бауырларым-ау, біз сол Қонюхов ауданына келдік емес пе? — деді қуанып кеткен Валентин.

— «Путь Ленина» осы маңда болуы керек, — деді Борис.

— Сол колхозға барып қайтса ғой шіркін! — деп түйді әңгімені Аня. Тың жерді игеруді біз солардан үйренбегенде кімдерден үйренеміз.

...Қайыңды орманды қақ жарып өткен қалың қарлы жол үстінде шана жеңіл сырғып келеді. Бұл келе жатқандар екі күн ғана демалған москвалықтар еді. Олар «Путь Ленина» колхозына өздері тіленіп ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуге келе жатыр. Лаушы — жас колхозшы Зәріп Мусин қонақтарға өзі жөнінде, өзінің туған колхозы жөнінде әңгімелеп келеді.

— Тұрмысымыз ауқатты, бай. Әр еңбек күнге 7 килограмнан бидай, 3 сомнан ақша алдық. Колхозымыз миллионер қатарына қосылды. Радио торабы, электр станциясын сатып алдық. Жаңа клуб салдық. Осының бәріне тың жерлерге егілген бидайдан мол өнім алғандығымыздан жеттік.

Москвалықтар келген селода жұмыс онша көп емес екен. Барған күні-ақ олар жұмысты тындырып колхозбен таныса бастады.

Мектепке келген Валентин Бурдовқа балалар көп сұрақ қойды.

— Университеттің жаңа үйін көрдіңіз бе?

— Сіздің үйде телевизор болды ма?

— Стереокино жөнінде айтыңызшы.

Кешкіде москвалықтар клубтың алдында Зәріппен тағы да кездесті.

— Біздің колхоз сіздерге ұнады ма? — деп сұрады ол.

— Ұнағанда қандай! — деді Аня. — Әлі мұнан да жақсы болады.

— Әуелінде бұл араны мен бір жабырқау жер көріп қалып едім, оным ағаттық екен, — деп мойындады Валентин.

ТУҒАН ЖЕРГЕ ХАТ

«Қымбатты достар — МТС қызметкерлері мен Ястреб ауданының колхозшылары! Тың жерлерді көтеруге жіберген өкілдіктеріңіз үшін шын жүректен алғыс айтуға ұлықсат етіңіздер...»



Социалистік Еңбек Ері Александр Вагин тракторшы Яков Хыценко мен Андрей Погребенкоға тынның алғашқы бораздасын жырту жобасын сілтеп тұр.
Суретті түсірген И. Будневич (КазТАГ-тың сурет қорынан).

Мұны жазып отырған Тайынша МТС-ның бас инженері, комсомол ұйымының секретары Владимир Ящиков, онымен қатар МТС директоры Шурпа, парторг Незин. Олардың әрқайсысы мынау Курск облысына жіберілетін хатқа жылы, жақсы сөз іздейді. МТС басшылары хатта Қөкшетау облысына тұтас бір бригада боп көмекке келген Курск механизаторларының алғашқы жақсы істерін жазуды ұйғарды.

Ауыз толтырып айтарлық іс көп! Алғашқы күннен бастап Курск комсомолецтері Отанға берілгендіктерін іс жүзінде көрсетті. Олар тосырқап тұрмай МТС-тың ісіне қоян-қолтық араласып кетті. Жаңада ғана әкелінген «С-80» және «ДТ-54» тракторларын қабылдап механизмдерін қарап, сынап шықты. Осыдан кейін МТС директорына келген жастар:

— Біз қол қусырып отыра алмаймыз. Бізге жұмыс тауып беріңіз, — деп өтінді.

— Жолдастар, аз сабыр етіндер. Әлі даланың қары да тесілген жоқ. Бір-екі жетіден кейін тыңға аттанасындар. Оған дейін күштеріңді сақтап дем ала тұрындар.

— Біз мұнда дем алуға келген жоқпыз, — деп дүрсе қоя берді бригадир-комсомолец Владимир Бурцев. — Бізге бір игі жұмыс тауып беріңіз.

— Қолхозға көмектесе тұруға қалайсындар?

— Әбден болады.

— Онда маңызды тапсырма аласындар. «Сталинский путь» колхозында мал азығын жеткізу мәселесі қыйынға түсіп тұр. Шөп қоры алыста қалған. Өздеріңнің тракторларыңмен мал базаларына пішен жеткізіндер.

— Құп болады, — десті трактористер Алексей Попов, Валентин Ишков, Иван Лихачев және Виталий Панин.

Марттың орта шенінде, арқаның даласында ақырған аяз бен үскірік жел болатын.

Оппа қар тракторларға жол бермей тұтасып жатты. Қомсомолецтер бұл қыйындықты жеңе білді. Қолхоз малына жемшөп дер кезінде жеткізілді.

Оңтүстіктен жылы жел есті, көктемдегідей күн шуақ тұрды. Жас механизаторлар директордың кабинетінде ауданның үлкен картасы алдына жыйналды. Быйылғы көктемде көтерілген тың участоктар онда көгілдір квадратпен, жазда жыртылатын жерлер қызыл квадратпен, күзгі егіс сары квадратпен белгіленіпті.

Ең жақын деген «көгілдір квадраттың» өзі жүз елу километр жерде. Оған жету үшін адам аяғы сирек басқан тың жерлерді басып, қалың қарды кешіп, қыйын сапар шегу керек.

— Жолға әзірміз! — деп баяндады директорға Владимир Бурцев.

Бір сағаттан соң моторлар гүрілдеп, шынжыр табан астынан қар ұшқындап, тракторлар дөң асып кетіп еді.

— Жақсы жігіттер! Олар ешуақытта ұятқа қалдырмайды! — деді В. Ящиков, бас инженер. — Бұларды тәрбилеп өсірген комсомол ұйымына алғысымызды айтпай болмас.

Осы бөлімнің басында айтылған хат осы кезде жазылған еді.

АСТЫҚ ФАБРИКАСЫНЫҢ ТУУЫ

Дала, дала, дала...

Төңірегіңе қарасаң, көз жеткісіз кеңістік, шалқар дала. Төбелердің басы қары кетіп, қарайыпты.

Мындаған жылдар бойы меңіреу, мылқау ұйқыда жатқан даланы тұңғыш рет мотор үні оятты. Руль ұстаған украиндықтар қазақ бауырының жерінен Отанымызға жүз мыңдаған центнер бидай байлығын әперу үшін осында көмекке келді.

Ту ілінген алдыңғы трактордан кожанка мен сұр папах киген ет жеңді кісі жас жігітше секіріп түсті. Шаршағандығын сездірмей, көздері жайнай түседі. Бұл — Александр Андреевич Вагин.

Бұл кісінің өмір баяны өте қызық.

...Отызыншы жылдарда партия: «Жыйырма бес мың коммунист селоба аттансын!» деген ұран көтерді. Бұл ұранға жас коммунист Александр Вагин да үн қосты. Оған Дон сыртында жаңа ет-сүт совхозын ұйымдастыру тапсырылды. Жас коммунистің алдында талай қыйын кезендер кездесті. Совхозды ұйымдастыруға кулактар қастандық жасап бақты, Каспий жақтан егін мен шөпті күйдіріп аңызға жел есті. Бірақ совет адамдары күнітүні еңбек етті. Жеңіп шықты!

Отан соғысы алдында Вагин басқарған совхоз алдыңғы қатарлы совхоздарға қосылды, мемлекетке көп ет, сүт, астық тапсырды.

Бейбіт еңбекті фашистер шапқыншылығы үзіп кетті. Вагин ауыр жағдайда совхозды шығысқа көшірді де, өзі совет армиясына аттанды. Батерей командирі болған ол Берлинге шейін барды.

1946 жылы Александр Андреевич үйіне келді. Аудандық партия комитеті тағы да оған Дон сыртында жаңа совхоз ұйымдастыруды жүктеді. Төрт жылдан соң «Старобельский» совхозының үлкен бір топ адамы үкімет наградтарын алды, алты адамға,

оның ішінде Вагинға да, Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ берілді. Совхоз соның басшылығымен бидайдан қыруар өнім алды.

Партия тың және тыңайған жерлерді игеру туралы жаңа ұран көтергенде, Қазақстанға баруға алғаш тілек білдіргендердің бірі — осы Вагин еді.

Вагин — қазір Қызыл Ту ауданында ұйымдасып жатқан он бір жаңа совхоздың біреуінің директоры. Директормен бұл араға оның өмір ауысып кәрмеген орынбасары Роман Л зовой, бас агроном Петр Евсюков, техник-құрылысшы Раиса Евсюкова, тандаулы трактористер-комсомолецтер Яков Хыценко, Андрей Филоненко, Федор Погребенко бірге келді. Жолда, Көкшетауда, Ворошиловградтықтарға бір топ одессалық трактористер қосылды. Жаңа достар қуатты техниканы бірге қабылдасып, тракторға тіркелген шаналарға соқалармен культиваторларды, сеялкамен, жыйылмалы үйлер бөлшегін бірге тиеп, тұрғындар вагон тіркеп тың жерге жүріп кетті.

Дала, дала, дала...

Бірақ бұл дала бүгін кешегісіне тіпті ұқсамайды. Вагин өз қолымен «Херсонский» совхозының орталығына арналған жерге ұзын сырық қақты. Сырықтың басында қызыл ту желбірейді. Трактористер тұратын вагондардан көк түтін көкке көтерілді.

«Астық фабрикасы» өз өмірін бастады.

Жылғаларға бұлақтар сарқырайды. Қар сайларда ғана қалған кез.

— Жер әзір, — деп баяндайды директорға агроном.

Партия еркімен қазақ даласына салынған жаңа совхоздың алғашқы бораздасын тартып, «С-80» тракторын жүйткітіп украиндық комсомолец Яков Хыценко тыңды бойлап барады. Оның алды кең!

* * *

Жас достым, сен осы жолдарды оқып отырғанда, тың және тыңайған жерлердегі жұмыс, негізінен, аяқталды. Жүздеген гектар тың жыртық көптеген батырлардың аты да елге тарай бастады. Ұзамай-ақ осы жыртылған тыңда сап-сары егін жайқалады.

Жыл артынан жылдар өтер. Бірақ ешкім де, ешқашан да партияның бастауымен табиғатқа үлкен шабуылға шыққан ерекше жылды естен шығармас болар.

Д. Евдокимов.

Петропавловск — Көкшетау.

ДОСТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

Қостанай облысы, Жаркөл МТС-інің механизаторы Украинадан келген комсомолец Л. Дегтяренкоға арнаймын.

КҮТКЕН КЕЗЕҢ

Ауыр жүгін көп жылдың
Арқалады осы қыс.
Көк вагонда көп жүрдің
Көңіліңде ой асығыс.
Жылдар бойы көрмеген
Жан бауырын тосқандай.
Қыс айында гүлдермен
Алдында тұр Қостанай.
Соғады боран бұл жерде
Қаттырақ біздің қысымыз.
Ойнақтар әлі-ақ тың жерде
Осынау қыстай күшіміз.
Жыр боп қалар өмірде
Сені күткен осы шақ.
Еріндер тиіп ерінге
Айқасар қазір дос құшақ.

ОЛ КЕЛДІ

Тосын емес ол маған
Құшағымда міне тұр.
Аттанарда тыңдаған
Аңтын оның Кремль.
Оның сонда сөзіне
Құлақ түрген әлем боп.
Қарап жастық жүзіне
Қолын қысқан Маленков.
Осы келіп жеткені
Оның бізге ұзақтан
Албырайды беттері
Қысқы суық қызартқан.
Қарап жардан биіктен
Көз салып ол міне тұр.
Топырағы ұқсас Киевпен
Тобыл — кіші Днепр.

ОЛ ЖАРҚӨЛДЕ

Жер бетінде көлдер көп
Кім біледі бар көлді.
Шықты атағы енді өрлеп,
Білген жақсы Жаркөлді.
Тұрсын Жаркөл кеуденде
Әр кез еске алатын.
Көресін әлі, сол жерде
Болады ертең әр ақын.
Қостанайда ойлана
Деді ол болсын сонда жол.
Берді оған жолдама
Лениндік комсомол.
Жеткізгенше жаңа бір
Шабуылға солдатты.
Таппай тағат-саябыр
Ұшқыр поезд жол тартты.
Жаркөл. Вокзал алаңы
Поезд келіп тоқтады.

Шақырғандай қарады
МТС-тың оттары.
Аяз сүйген беттердей
Желбіреді жалаулар.
Құшақ жайып көктемдей
Қарсы алды дос адамдар.

БІЗДІҢ ҮЙГЕ ЖАТА ҒОЙ

— Бөтенің жоқ, құлыным,
Мен де анаңмын батағөй
Өзіндейсін ұлымның
Біздің үйде-ақ жата ғой.

ШЫҚТЫ ОЛАР КАНИКУЛҒА

Жыйналыста ұйып тыңдап,
Бір жылғы алған бағаларын,
Мұғалімге келді шұбап,
Бір кластың балалары..
Бүгін олар тым көңілді,
Бітіргесін төрт класты.
Бір шаттанып, бірге күлді,
Би мен күйге ән ұласты.
Аз болды ма олар білген
Быйылғы оқу жылы ішінде!
Алуан сырын ашты бірден
Белдеуің де, полюсің де!
Қалам, сызғыш, циркульдерді
Қолға олар алады да,
Планына түсіреді
Өзі тұрған қаланы да.
Найзағайың, бұлт, нөсерің
Жұмбақ емес оларға енді.
Жасап қолдан флюгерін,
Бақылайды соққан желді.
Бүгін түгіл бөлшектер де
Пионерге бағынышты.
Көпті көрген бухгалтер де
Бір таласта жаңылышты!
Бір белесті кейін тастап
Ұзақ жолда;
Бесіншіні олар тоспақ,
Шығып жазғы каникулға..
Бар шәкірттің, тілегін кеп
Ақбаршын мен айтты Сайлау:
— Шолпан апай, сізге рахмет,
Әр уақытта болыңыз сау!

Ә. Әленов.

Арал қаласы.

Полтаваның түбінде
Қаза тапқан жан балам.
Тұр бөлмесі үйімде
Жас отауға арнаған.
Бөтенің жоқ, құлыным,
Мен де анаңмын батағөй
Өзіндейсін ұлымның
Біздің үйде-ақ жата ғой,—
Деп осылай қарт ана
Көрсетті оған мейірін.
Көнді ел айтқан қолқаға
Көрді де кең пейілін.
Анаға еріп ол келді,
Хош алды әр үй, әр бөлме.
Бір азамат тіркелді
Тұрғын болып Жаркөлде.

ОЛ МТС-ТА

Жатыр егіс құралы
Көп соншама іс бүгін.
Жылдам өте шығады
Қысқа адымды қысқы күн.
Жалпақ жердің үстінде
Жатса ұйтқып қысқы қар.
Мастерской ішінде
Ойнақтап от ұшқындар.
Алуан түрлі бөлшекті
Тракторға қондырып.
Бүгін одан тер шықты,
Пальтосын да қойды іліп.
Жылдам басып аяғын
Үзілісте түскі кез
Солдаттарша тамағын
Апыл-ғұпыл ішті тез.
Қайтқанда да әр күні
Жұмысынан кешкілік.
Мастерской дабылы
Тұрды оған естіліп.

АЛҒАШҚЫ БОРАЗДА

Көктем келді, мұз кетіп
Көтерілді көлде су
Кең даладан сыз кетіп
Жатты ұшып жерден бу.
Тракторы бабында
Тастап шала ұйқысын.
Шықты ел көктем таңында
Жыртуға жер қыртысын.
Жаңа өлеңдей жазылып,
Түскен кірсіз қағазға
Тың жер тұңғыш қазылып,
Тартылды алғаш боразда.
Көктем көзін ала алмай
Қарап тұрды ізіне.
Еңбегі оның жанғандай
Күлкі ойнады жүзінде.



Сағат

Сапарғали Бегалин.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

«Біржан Ескербековке» деген арнаулы хатты алғанда Әбибі өз көзіне өзі сенбеді. Бір жапырақ Біржанға кім арнап хат жазады. Біздің көршілердің біреуіне жазылған шығар деп, хаттың адресін анықтап қайта оқыды. Анықтап-ақ жазған. Хатты ашып оқып көргісі келіп конвертін аша беріп тоқтады. «Өз атына тұңғыш келген хат қуанышын өзі ашсын» деп ойлады.

Қоныспек жолаушы жүрген кездерінде телеграмма берсе, Біржаннан ересек Жамалының атына жазатын. Ал, Біржан атына арнаулы адреспен келген тұңғыш почта осы. Оны Әбибі қызықтамай қалай елеусіз қойсын. Біржанның мектептен келуін асыға күтті...

Мектептен қайтқан Біржан:

— Маркасы кішкентай және үстінен мөр басып былғап тастапты,— деп хаттың маңызын Әбибіше елей қойған жоқ. Хаттан гөрі марканы бажайлай қарады.

— Адресін оқысаңшы, өзіңе арнаған, сен енді жігіт болдың, өзіңе хат келді,— деген шешесінің сөзіне жымыйып бір күліп қойды.

Хаттың конвертін ашқанда, Біржанның қасына келіп жылпындап тұрған кішкентай Санабек қызыл марка жапсырылған көк конвертты ала жөнелді. Хатты алып Біржан біртіндеп оқып еді, сөзін біріне бірін жалғастырып ұғына алмады. Баласына жазылған хатты қадағалап көріп тұрған Әбибі:

— Біржатай, маған бер, мен оқып берейін, бірінші класта оқыйтын саған мұндай ұсақ жазуды оқу әлі қыйын,— деп өзі алып оқыды:

«Қымбатты Біржан Ескербеков! Мүмкін сен пионер шығарсың, жолдастық хатты көңіліңе ауыр алма. Біз кеше, сабақ арасындағы демалыста мектеп бағында ойнадық. Бақ ішіндегі жаңа гүлдеп келе жатқан шие ағашының бір бұтағына байлаулы тұрған қара торғайды көріп, ұстап алдық. Қалайша байланған, кім байлаған деп қарасақ, торғайдық оң жақ аяғында жіңішке сыммен байлаулы жұқа қағаз бар. Сым тарқатылып, шиенің жіңішке бұтағына оралып қалыпты. Біз қағазды алып жазып көрсек, сенің адресің мен аты-жөнің жазулы екен. Соны оқыған соң сенің құсқұмар талабыңа қуандық. Қағазыңды жұқа резинкаға орап, оны жібек жіппен шеберлеп тігіп, сымды алып тастадық. Торғайыңды босатып жібердік. Ол торғай — мектеп бағының ішіне қойылған ұяны мекендеген біздің торғай еді. Біз оны, бақ ішіндегі жеміс ағаштарына түскен зыянды жәндік, құрт-қоңыздарды құртсын деп әдейі ұялатып едік. Өсімдіктің, әсіресе, жеміс бағының залалды құрттарын қыратын қара торғай — біздің пионерлердің досы. Енді сенен өтінішіміз, егер өзің қара торғайды ұялатуға әуестенсең, оның күтімін де біл. Қағаз жазып белгі байласаң, торғайыңды көрінген бұтаға ілініп қалмастай шебер істе. Әрбір қараторғай егіске, бау-бақшаға жауынгер сақшы екенін ұмытпа!

Жолдастық сәлеммен —
23-мектептің 6-классының
оқушылары».

Хаттың сөзін Әбибі жайлап оқып шығып баласына көзінің қыйығын жіберіп аз бөгелді. Төмен қарап тұнжырап Біржан жазу столының жиегін қолымен шұқылап тұр еді. Санабек:

— Немене, торғайыңнан айырылып қалдың? Маған неге бермедің, Ә? — деп Біржанды кимелей Әбибінің алдына барды. Үндемей тұрған Біржан Санабектің мына сөзіне күліп жіберді.

— Ә, ол торғай сен ұстасаң жетісетін еді...

— Я мен оны асыраймын, ойнаймын. Енді торғай ұстасаң маған бер, жарай ма!

— Біржантай, мына балалардың жазып отырғаны қайдағы торғай? Сен торғай асырап па едің?

23-мектептің пионерлерінен алынған хаттан ұялған, әрі олақтығын бетіне басқанға ызаланған Біржанның өзіншіл кіділігі әлі тараған жоқ-ты. Жаңағы Санабекке сөйлегенде де, кекесінді ызалы күлкімен үн қатты. Енді шешесінің сөзіне не айтарын білмей тығылып қалды.

— Мен асырағаным жоқ, ұстап алғамын.

— Қалай ұстадың, рогаткамен аттың ба? Әкең екеуміз «рогатка ұстама, торғайға тие, олар — пайдалы құстар» дегеніміз қайда?

Әлі де кіділігі тарамай көңілсіз тұрған Біржан торғайды қалай ұстағаны сөз болғанда сергіп кетті.

— Мен рогатка ұстамаймын. Ол — жазым нәрсе, оның оғы тиген торғай тірі қалмайды. Біз қақпанмен ұстаймыз.

— Қақпан да торғайға жазым емес пе?

— Жоқ. Біздің қақпан әрі оңай, әрі торғайға ешбір зыян келтірмейді.

— Сендердің қақпандарың қандай?

— Біздің қақпан әне, — деп апасына терезеден аула ішіндегі складтың алдыңғы жағындағы сыпырындыны, сыпырындының қасында жатқан ескі қаңылтыр астауды көрсетті.

— Түу, қақпандарың әдемі, ыңғайлы екен, — деп Әбибі баласын қызықтап күліп еді, бағанадан үнсіз тұрған Санабек те:

«Астау, қақпан, кішкене», деп барынша күліп мазақтай жөнелді. Біржан әсіресе, кішкене Санабектің ешнәрсеге түсінбей күлгеніне ызаланып:

— Ол қақпанның астына торғай түгіл сен түссең де шыға алмайсың. Өзінің күлкішілін, — деп тоқталып қалды.

Әбибі жайдарлана күліп:

— Оны қалай қақпан етіндер, айтшы, қызық екен? — деп сұрады. Шешесінің «қызық екен» деген сөзі Біржанды көңілдендірді, ол күлімдеп: «қара торғай ұя саларда қыл-қыбыр, сыпырындыдан шыққан жұмсақ нәрсені жыяды. Ондай жүн-жұрқа мына

складтың маңында сыпырындыда көп болады. Юрка екеуміз демалыс күні өзіміздің анау ағашқа қойған ұямызды қарап, оған күнде келіп жүрген торғайды байқап отырдық. Біздің ұяны мекендеген торғайлар ұшып кете бергенде сыпырынды төгетін жерге екі қара торғай келіп қонды. Әрлі-берлі ол-пұл терді де, ұшып кетті. Содан біраздан соң тағы қайта келді. Осы келіп жүрген бір торғайлар ма, жоқ әр торғай ма, білейік деп, ұстаудың амалын ойладық. Содан Юрка «рогаткамен атайық» деді. Мен торғайды өлтірмеймін, әкем айтқан, торғай пайдалы, тірі ұсталық, қақпан құралық, — дедім.

Ақырында менің әдісіме келісіп, екеуміз қақпан жасадық. Юрка үйінен машина жіп әкелді. Мен үйден пышақ алып, қаңылтыр астауды көтеріп қоятын тіреуіш жондым. Сол тіреуішке жіптің ұшын байладық. Сонан кейін сыпырындының ішіндегі қыл-қыбырды шыбықшамен қопсытып, бір жерге иіпмектеп қаңылтыр астауды түбін үстіне қаратып, бір жақ басын көтеріп, тіреуішке сүйедік. Жіптің біржақ ұшын ана сарайдың қалтарыс пұшпағына жеткізіп жерге тастадық. Мен жіптің ұшын аңдып көрінбей пұшпақта тұрдым. Ал, Юрка сарайдың үстіне шығып торғайдың келуін аңдып отырды.

Біз біраз отырдық. Күн түс болып қалды. Жуырда торғайлар келе қоймады. Олар да түске дейін дем алатын болар. Ол жермен жүрген кісілер біздің қақпанымызды абайлаған жоқ. Біздің бір шошынғанымыз мына сотқар еді, — деп ол Санабекті бір мезгіл қойды. Бұл сол күні әкелген мына жаңа машинаға алданып үйде болды.

Әлден уақытта сол екі торғай ма, өзге ме, әйтеуір, бір екі торғай келіп қонды. Ол жолы қаңылтыр астаудың астына бармады. Семіз апай ар жағынан шыға келіп, торғайлар шошып ұшып кетті. Біраздан соң қайта ұшып келді. Бұл жолы көп ұзамай астаудың астындағы қыл-қыбырға келе бергенде Юрка хабар берді, мен жіпті тартып қалдым, екеуі де астаудың ішінде қалды, тірі ұстап алдық. Қалтамызда күні бұрын дайындаған қағаз бен жіп барды, соны оң жақ аяқтарынан орап байлап жібердік».

Біржан әңгімесін бітіргенше аңқыя тындап тұрған Санабек: «мен болсам, жібермей өзім ойнап жүрем ғой. Қарашы маған айтпауын» — деп Біржанға кінә қоя сөйлеп қалды. Баласының әкесі айтқан ақылды ұғынып, торғайды азаптамағанына сүйсінсе де, оны сақтандыра сөйледі:

— Балам-ау, қалай ұстасаң да, бәрі бір торғай байғұсты азаптау ғой, оларды мазаламағаның жөн... Біржан өз ісіне ұялғандай болып төмен қарады.





Тоқылдақ

М. Гумеров.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Әңгіме

Қалың тоғайға жаратылыс тану саяқатына келген балалар екі-екіден, үш-үштен топталып, алуан тектес өсімдік пен гүлдерді көріп, ағаштың түрлерімен танысып, көздеріне шалынғанның бәрін тамашалай қызықтап жүр еді. Кей жерде бес-алтыдан бас қосып, әлдебір өсімдік туралы бітімсіз айтысып тұрғандар да бар. Балалардың қайсы біреуі, әсіресе, қыздар, қолындағы өсімдіктің атын білмей калған кезде, көп салғыласып жатпай-ақ, дереу өздерінің мұғалимасы Мәриямға жүгіріп барады.

Жанағы әзірде орман күзетшісі Сақтаған қарт та келіп кетті. Ол Мәрияммен әңгімелесіп аз кідірді де, ой-шұқыры көп қара жолға түсіп, астындағы күренді тепендетіп, лезде тоғайдың ішіне сүңгіп жоқ болды.

Ал, Қуат болса, осы топтан оқшау шығып, бір жуан теректің ығына тасаланып, әлденеге жалғыз өзі тұр. Ол әлсін-әлі қалтасын сыйпалайды, мазасыздана елендеп, тоғайдың ішіндегі дыбыстарға құлақ түреді, артынша жан-жағына жалтақтап, өткір қара көздерімен маңайын шолады. Қараторы жүзі сұстанып, жігерлі пішінде.

Бұл кезде Балжан Қуаттан он шақты қадамдай жерде алқызыл роза гүлін сүйсіне искеп, кеудесіне тағып тұр еді. Ол кенет теректің тасасынан басын қылтыйтып тұрған Қуатқа қарады. Екеуінің көздері қадала түйісіп, Қуат оны қол бұлғап қасына шақырды. Балжан жолын кес-кестеп аяғына оралған шөптерді жұла жапырып, солай қарай асығыс адымдады.

— Мені неге шақырдың? Әдемі гүл тап-

тың ба? Кәнекей, көрсетші!— деді ол Қуатқа қуанышты жүзбен ентелеп.

— Жо-о-оқ! Гүл дейді ғой... гүлді қайтем?! Қызықтың бәрі ана жақта,— деді Қуат иегімен тоғайдың ішін нұсқап.

Балжан ештемеге түсінбей нығын қозғанды.

— Жүр, маған ересің бе? Мен саған тамаша бір қызық көрсетем.

— Ол қандай қызық?

— Ақырын сөйле! Бол, айт, ересің бе өзің?

— Не қызық екенін айтқын келмей ме?— деді Балжан қолын сермеп қалып.— Ендеше мен бармаймын.

— Барған соң көресің ғой, жүр.

— Айтқын келмесе, жалғыз бар.

— Жо-о-оқ! Қызықты жалғыз көргенде не тұр... және бар ғой... тоғайдың ішінде жалғыз жүруге...

— Ә-ә-ә! Білдім, білдім! Жалғыз жүруге қорқады екенсің ғой,— деді Балжан сықылықтап күліп.

— Жо-о-оқ! Мен неден қорқам...,— деді Қуат қалтасын сыйпалап.— Мен ештемеден де қорықпаймын.

— Қасқырдан ше?

— Қасқырдан дейсің бе? Ы-ы-ы,— деді Қуат желкесін қасып.— Қорықпаймын.

— Ал, аюдан қорқатын шығарсың, иә, Қуат?!

— Бұл тоғайда аю жоқ, неменеге қорқам.

— Болса қорқар ма едің?

— Аюдан дейсің бе? Ы-ы-ы,— деді Қуат ойланып.— Әрине, қорықпаймын.

— Ә-ә-ә! Білдім, білдім! Айтып тұрғаның шылғый өтірік.

— Түк те өтірік емес. Нанбасаң жүр. Қасқыр кездесе, тура мен оның көзін шығарамын.

Олар ақырын аяндап, тоғайдың ішіне қарай жүрді. Адымдаған сайын қу шырпылар шытырлай сынып, көк құлмақтың ұзын сабақтары аяқтан шалады. Мезгіл-мезгіл жиі өскен тәпелтек бұталар кездесіп, жолды перделеп, жүрісті бөгейді. Төмен қарай

имне өскен жасыл бұтактар адамның иығына асылып, жапырақтары бет-ауызға жамырай тиіп, ызындап ұшқан масаларды жасқайды. Олар өстіп балалардан бірте-бірте ұзай берді. Бір сәт алда келе жатқан Қуат тоқтай қалып, тың тындады.

— Балжан, естідің бе? Анықтап тыңдашы,— деді ол жалмажан қалтасын сыйпа-лап.

Жақын жерден біркелкі екпінмен «тоқ... тоқ... тоқ...» деген дыбыс естілді. Қайта-қайта тоқылдатып қояр емес. Балжан қоңырқай көздері шарасынан шыға үлкейіп, аққұба жүзі тез сұрланып, аз уақыт үнсіз кідірді.

Үрейлі көздерін Қуатқа төңкеріп, реніш білдіре сөйледі ол:

— Тоғайдың ішінде не бар? Маған мұндай қызықтың керегі жоқ. Жүр, кейін қайтайық!

— Жо-о-оқ! Қорқатын түк те жоқ. Бол, енді титтей жүрейікші,— деді Қуат Балжанды қояр да-қоймай ілгері тартып...

Олар тағы да ілгері жүрді. Алдарынан аумағы шағын далаңқай кездесті. Айнала—хош иісті қалың шөп. Күн көзі тас төбеден шақырайып, мол сәуле, нұр құйып тұр. Қуат қаннен-қаперсіз желе жатыр еді. Тап аяғының астынан бірінен соң бірі дүркіреп, төрт-бес қара құр ұшты. Зәресі ұшқан Қуат:

— Апа-а-а!— деп айғайлап жіберді, шалқалай беріп, кілт тоқтады; қалтасынан рогаткасын жұлып кеп алды. Балжанға жалт бұрылып еді, таныс көздер бірін-бірі сынай түйісті.

— Е-е-ей! Құрдан да қорқады!

Қуат ұялғанын сөзбен жуып-шайып, сездірмеуге тырысты.

— Мен құрды үркіту үшін айғайладым. Соны қойшы,— деді ол қолын сермеп тастап.— Балжан, әнекей! Тыңдашы. Тағы да тоқылдатып тұр. Сен одан қорықпа. Ол кәдімгі құс — тоқылдақ қой. Мен ағама еріп отынға барғанда тоқылдақты көргем, керемет әдемі. Біз қазір білдірмей жақындап, рогаткамен тоқылдақ атып аламыз...

— Мен тоқылдақтың суретін ғана көргем. Өзі гүл сыяқты әдемі екен. Бар ғой, тура гүл сыяқты. Қуат, оны атпай-ақ қойсақ қайтеді!?

— Жүр десе, атпа дейді ғой!

Олар далаңнан өтіп, ну ағаштың арасына кірді.

— Балжан, ақырын... ақырын!..— дейді Қуат сыбырлап. Екеуі де демдерін ішінен алып, тоқылдақтардан бой тасалап, сыбдыр-

сыз жүріп келеді. Кілең бірсарындас «тоқ... тоқ... тоқ...» деген дыбыстар тұс-тұстан естіледі. Қуат, кенет, шөптің арасына бұға қойды, онымен қатарласа беріп Балжан да отырды.

— Балжан, ақырын... ақырын!.. Тап алдымызда тоқылдатып тұр.— Қуат алдындағы шөптерді ептеп қайырып, жан-жағына сығалай бастады. Ал, Балжан тершіген маңдайын өсімдіктің жапырақтарына сүртті де, көкірегіне таққан гүлді иіскеді. Оң қолындағы жас бұтақшамен масаларды жасқап, сол қолының алақанымен иегін тіреді. Өстіп жатып ойға кетті.

Балалардың бәрі жаратылыс тану сабағынан өткен өсімдіктерді көріп, мұғалімнің қасында жүр. Бұлар екеуден-екеу тоғайдың ішін аралап кетті. Оның үстіне ешкімге айтпай, өз беттерімен кетіп қалды. Онда да маңызды жұмыс болса бір сәрі. Ал, ешқандай залалы жоқ, гүл сықылды әдемі құсты атып түсіргеннің несі қызық...

— Балжан, әнекей, әне! Тоқылдақты қарашы. Көрдің бе?...

Қара торғайдан үлкендеу келген құсқа көзі түскен Балжан оның тұр-түсін, әр қыймылын кірпік қақпай қадағалап, анықтап көруге тырысты. Маңдай жағы жасыл барқыттай, көз тартады. Ұзын тұмсығының түбіндегі сары дағы мен төбесіндегі қызылы



бас бітіміне айрықша сән беріп тұрғандай. Арқа-жоңы мен қанатының үсті түрлі-түсті жолақтар тартыла теңбілденген. Ақшыл төсі жұп-жұмыр.

— Қуат! Қандай әдемі, ә!

— Тыныш-ш-ш!..— деді Қуат алақанымен Балжанның ауызын қалқалап.

Тоқылдақ теректің қожыр-қожыр қабығына тырнақтарын қапсыра салып, ұзын құйрығын тіреу қылып, ағашқа жабысып отыр. Басын кейін қарай шалқайтып, қашаудай тұмсығымен ағашқа қайта-қайта түйіледі. Дыбысы орманды жаңғырықтырып, алысқа тарайды.

Қуат қалтасынан әдейілеп уатқан тас кесектерін алып, жалма-жан рогаткасын оңтайлауға кірісті. Оның қыймылын кірпік қақпай бақылап отырған Балжан:

— Қуат! Анықтап қарашы, тоқылдақ қандай әдемі, ә! — деп кенет дауыстап, орнынан ұшып тұрды. Дауыстан үріккен құс жылдам ұшып, ну ағаштың ішіне сүңгіді де кетті. Қатты қуанған Балжан не істерін білмей, күліп жіберді.

— Қуат, мен отыра-отыра жалықтым, жүр көтейікші, — деді.

— Мен білемін, сен тоқылдақты әдейі үркіттің! — деді Қуат Балжанға ентелей төніп.

— Өзің неге атасың?..

Олар жанжалдасып тұрып, тоғай күзетшісі Сақтаған қарттың келгенін де байқамай қалған еді. Сақтаған:

— Һәй! Қойындар! Бұл не жанжал, не деген сұмдық! — деп жеки дауыстағанда, екеуі бірдей селк ете түсті.

— Ата, мына қарашы! Мен тоқылдақты атқызбасам, Қуат жанжал шығарады.

Сақтаған қарт бурыл тартқан шоқша сақалын сол қолымен қайта-қайта сыйпап, тамағын қатты кенеп, балалардың қасына келді. Аз ұйқтағандықтан ба немене, шүңірек, көздері қызарып кетіпті. Бет пішінінде айтқанынан қайтпас қаталдық бар.

— Һәй! Тоғайдағы құсты неге үркітесің? Бармақтай болып алып қара өзін! — деді ол Қуатқа қабағын түйе зекіп. — Япырмай, ә! Бас болсайшы бұларда. Япыр-ау, тоқылдақ — тоғайдағы ең пайдалы құстың бірі ғой. Ол бір күнде ағаштың пәлен мың құртын жейді. Ал, сендер сондай ағаш қорығыш құсты рогаткамен атасындар! Рогатқаң қайда, бері әкел.

Сақтаған қарт Қуаттың рогаткасын алып, өз қалтасына сүңгітті. Балжанның төсіндегі роза гүліне қайта-қайта қадалып, кең сөйледі:

— Әнекей, гүлді де үзіп алыпты. Бұлар ма, бұлар гүл көрсе, гүлді жұлады, құс көрсе атады. Көздеріне түскеннің бәрін жайпайды. Не істерсін бұларға! Қане, еріндер менің соңыма! Бәлем өздерінді мұғалімдеріңнің алдына айдап апарайын...

Сөйтіп, жанжал жайына қалды. Балжан мен Қуат енді біріне-бірі алғаш көріскен адамдардай тандана қарап, Сақтаған қарттың соңына ерді.

* * *

Күзетші бір сөзін әлденеше рет қайталап, тоқылдақтың маңызын қояр да-қоймай ұзақ түсіндіріп, тамағын қайта-қайта кенеп, өршелене сөйледі. Әйтседе Мәриям Сақтаған қарттың шағымын зер сала тыңдады.

Шашын желкесіне жыйып түйген, ақсары жүзді, жігері мол қой көзді, сөзді әрі ұғарымды, әрі ұғымды сөйлейтін, жасы жыйырма бестер шамасындағы мұғалима:

— Ата, бәрі түсінікті, — деді тоқтау айтқандай оң қолын сәл көтере жайып. — Тоқылдақ жайында жуырда жас мичуриншілер үйірмесінде баяндама жасалмақшы! Сол баяндаманы Қуатқа тапсырамыз. Қуат тоқылдақтың пайдалы құс екенін түсінгеннің соңында бүгінгідей қылықты қайталамайды. Ал, қазір істің ең жаманы — бұл екі баланың сұранбай, өз беттерімен кетіп қалғандығында, Қуаттың жасырып рогатка салып жүруінде болып тұр. Ол — тәртіп мәселесі. Оны пионерлер жыйынында қарап шешетін боламыз. Айтпағым — осы пікір, ата.

— Е, бәсе! Сүйту керек. Не істесендер де мейілдердің, бірақ мына Қуаттарыңды... — деді Сақтаған қарт үзеңгіге аяғын салып жатып...

...Экскурсияға келген балалар қалың тоғайдан шыға беріп, ауылға қарай беттеді. Әрқайсысының қолында гербарийге арнап жыйнаған өсімдік түрлері бар. Рас, Балжанда төсіне қадаған роза гүлінен басқа ештеме жоқ. Ал, Қуат болса мүлде құр алақан. Сондықтан ба, қалай ол екеуі кейін қалып бара жатқан тоғайға әлсін-әлі жалтақтап қарай береді. Қуат пен Балжанға тоғай жақтан тоқылдақтың бірсарындас «тоқ... ток... ток...» деген дауысы үздіксіз естіліп тұрғандай болып сезіледі.

Ауыл пионерлерінің жазы

КҮНДЕ ДУМАН, КҮНДЕ ҚЫЗЫҚ

Күн түске қарай ысып кетті. Көк майсалы алаңға ойын қызығына түскен балалар тобы бір-бірлеп сирей бастады. Олар енді жасыл желек жамылған мектеп бауына келіп жыйналды. Қаз-қатар отырғызылған түрлі жеміс ағаштары тегіс көктеп тұр. Ағаш көгіне сүйсінген жас достардың жүзінде ерекше қуаныш нұры ойнайды. Олар әрбір түп ағашты қарап бауды аралап жүр. Міне, достар алма ағаш қатарына келді. Кенет, олар орталық қатарда бұтақтары қурауға айналған алма ағашты көзі шалды.

— Басқа алма ағаштардың тасасында күтімсіз қалған болар,— деді біреуі. Бұл ойды мақұлдағандай балалардың бәрі бас изесіп сәл алға ілгері жүріп еді, семіп бара жатқан тағы да екі-үш түп алма ағашты көрді.



Нұрғалиева Құлиза бұзауды жақсы күтеді.

Суретті түсірген П. Редько.

Бұл жай пионерлерге қатты батты. Енді олар бұл жөнінде колхоз агрономымен, бау өсірушімен ақылдасуға ұйғарды.

Тәжірибе участогінен әлгінде оралған жас мичуриншілер тірі жәндіктер мүйісіне соқты. Мүйістің ұйымдастырылғанына аз-ақ күн болса да, пионерлер көп жәндіктер әкеліп қойыпты. Терезе алдындағы торға үй қояны қойылған. Бұл қоянды әкелген 6-класс оқушысы Миша Щербаков.

Пионерлер тірі жәндіктер мүйісін үздіксіз байыта түсуде.

Әр күннің қызықты өтуі пионерлердің өзіне байланысты. Бұл үшін олар қажетті барлық шараларды істеді. Жас шеберлер көрнекі құралдар құрастырды, ойын аспаптарын жасады. Ал, спортшылар жүгіретін жолды, секіретін алаңды жабдықтады. Спорт алаңы — қазір балалардың жиі келетін сүйікті орны.

ОТРЯД ТАПСЫРМАСЫ

3-отрядтағылар бүгін пионер Арыстанбек Құдабаевты жолға шығарып салды. Арыстанбектің әкесі колхоздағы еңбегімен даңққа бөленгендердің бірі. Қарт колхозшы Құдабай аға шопан. Ол қойды жылдағыдай быйыл жазда да жайлауға әкетті. Калинин колхозының жайлауы орналасқан «Көкаяқ» деген жердің табиғаты қандай сұлу десенізші!

Міне, Арыстанбек жазда табиғаты сұлу осындай өлкеде дем алады. Пионерлер Арыстанбекке таудағы өсімдіктерден, тау жыныстары мен жәндіктерінен коллекция құрастырып әкелуді тапсырды. Отряд тапсырмасы Арыстанбекті қуанышқа бөледі.

Бесінші кластықтар жазда коллекция гербарий құрастыруды дұрыс жүргізуді көздеп оған әзірлікті күшейтті. Биолог Лидия Степановна Левинаның көмегімен гербарийді қандай тақырыптарға құрастыруды белгіледі. Олар ботаника сабағында «Жемістер мен ұрықтардың желмен таралуы» деген тарауды өтті. Міне, пионерлер осы тақырып бойынша өсімдіктердің ұрығын жыйнайды.

АЛҒАШҚЫ САЯҚАТ

Күн ашық еді. Таң алдындағы ала бұлт күн көтеріле келе ұлпаланып көгілдір аспан әлемінен көрінбей кетті. Балалар мектеп ау-



Андреа Гаджеро

Итальян священнигі Андреа Гаджероға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың берілуі—аса зор оқыйға. Қарапайым адамдардың мүдделерін қалтқысыз қорғауға белсене араласып отырған бұл күрескердің есімін Италия елі жақсы біледі.

Андреа Гаджеро өзінің священниктік қызметін жас кезінде-ақ Генуяның портты аудандарының бірінде бастады. Мұнда ол еңбекші елмен жақын араласып, олардың қайғы-қасіретін, мұң-мұқтажын көрді. Гаджеро Италияның гитлершілдік Германиямен одақтасып жүргізген соғысы итальян халқы үшін қайғылы апат екенін анық аңғарды. Осы кезден бастап ол соғысқа қарсылар қозғалысына қосылып, Италияны азат етудің ұлттық комитетіне кіреді. Лигурияда партизандар арасында жұмыс істейді. 1944 жылы Гаджеро тұтқынға алынып, Маутхаузен лагерінде болады. Ол гитлершілердің азабы мен тұтқындауына ерлікпен төзеді.

Жеңіс кезінде азаттық алған Гаджеро Генуяға қайтып оралады да, денсаулығының нашарлығына қарамастан, ондағы кедейлерге, әсіресе, соғыстан қайтқан мұқтаж адамдарға көмек көрсетеді. Өз халқын фашизмге қарсы бірлесуге шақырады. Католиктік топтардың тыйым салғанын тындамай, ол бейбітшілікті жақтаушылардың Варшавада болған бүкіл дүниежүзілік конгресіне қатысады. Кейін шіркеулік өкімет орындары Гаджероны бұл үшін қуғынға ұшыратады.

Бірақ, ешбір қуғындау Гаджероның рухын мұқата алмайды. Католиктік топтар одан бейбітшілік жолындағы қызметін тоқтатуды талап еткен кезде, Гаджеро олардың талабын орындаудан бас тартады.

Гаджеро—халықтардың өмірлік мүдделерін қорғау жолындағы көрнекті күрескер.

ласына жыйнала бастады. Міне, олар Калинин көшесімен бойлап жоғары көтерілді.

...Шырқай шыққан горн үні тау жаңғырықтырғандай. Горн ойналысы-ақ сол екен, тау жылғаларын, өзен бойларын, бөктерлерді қуалай кеткен пионерлер келісілген жерге жыйнала бастады. Енді бір аздан соң барлық пионерлер жан-жағын биік құз қоршаған жартас маңындағы көгалға жыйналып та болды...

Әлден уақытта орындарынан түрегеліп тарих пәнінің мұғалімі С. Максұтовпен бірге биікке көтерілді. Мұнан тау баурайына орналасқан колхозды ауыл айқын көрінді.

— Біздің колхоз қандай үлкен! — деді пионерлер көк жиекке көз жіберіп.

Ұшы-қыйырсыз кең жазық дала — колхоз даласы. Айнала тегіс желмен теңіз суындай толқыған бітік өскен егін, жасыл-орай шабындық, жүзім, қант қызылшасы плантациясы. Қалың өскен жеміс бауы. Мұның бәрі колхоз дәулеті.

Биік тау басынан пионерлер туған колхозына көз алмай қарайды. Гүлденген колхоз ауылына сүйіспеншілік мақтаныш сезімі олардың жүрегіне бұрынғыдан да терең ұялай түскендей. Әне, Калинин көшесінің бойында орналасқан магазин, орта мектеп, клуб, интернат... Колхоз мастерскойының жанындағы сонау шатырлы үй — радио торабы күндегісінен де ыстық, көрікті, зәулім сыяқты оларға.

Колхоз электрленген, радиоланған. Колхоз даласы — кең дала. Оның қай мүйісін алсаң да, шалқыған дәулеттің куәсі. Сонау көк жиекпен жалғасып жатқан алыстағы «қараой», «жылы бұлақ», Күрте өзені, Сартақұм — малдың қыс жайылатын орны. Бұларда табын-табын сыйыр, қора-қора қой, үйір-үйір жылқы қыстайды. Жаз мал жайлауға шығады.

Калинин колхозының шаруашылығы көп салалы. Колхоз егіс, алма, жүзім, мал, құс шаруашылығымен шұғылданады. Мұғалім колхоздағы ауыл шаруашылығының алып техникасы, еңбек адамдары туралы да әңгімеледі.

— Біздің колхозда 1935 жылы Михаил Иванович Калинин болды, — деді мұғалім, — Михаил Иванович колхозшылармен әңгімелесті. Колхозшылар ауқатты, бақытты тұрмыс туралы айтты.

— Михаил Иванович колхозшылардың жыйналысына қатысып жердің колхозға

мәңгі пайдалануына берілетіні туралы акты тапсырды.

— Ол жыйналыс қалай қызықты өтті екен, ә?

— Михаил Иванович не айтты екен? — Балалар анталай келіп мұғалімін қоршай түсті. Колхоздың өткен тарихы, Михаил Ивановичтің колхозда болғаны пионерлерді ерекше бір мақтаныш сезіміне бөлей түскендей.

ҚЫЗЫҚТЫ ІСТЕР АЛДА

Дружинаның жазға белгілеген шаралары әр алуан. Дружина өмірі қызықты, тартымды істерге толы.

Жоспардағы «Гербарий жыйнау үшін шабындыққа саякатқа» деген жазуды оқығанда көз алдында кең шабындықпен келе жатқан пионерлер тұрады.

«Қолхозға экскурсия» — деп жазылған жоспарда. Бұл жазуға көз түсісімен пионерлерді мал фермасында, бригадаларда көргендей сезінесіз. Міне егіс басында күнге күйіп тотыққан жүзінде пионерлерге деген сүйіспеншілік сезімі ойнаған комбайншы колхоз механизаторларының егіннен мол өнім алудағы игі еңбегін әңгімелеп отырғандай.

Бүгін «Спорт мерекесі» — деген тарауды оқығанда мектептің спорт алаңында өнер көрсетіп, күш сынасқан гимнастшыларды, атлеттерді көргендейсіз.

Міне дружина жоспарында белгіленген шаралар көз алдыңызға тамаша істерді елестетеді.

Бұл шараларда жазда пионерлердің зоопаркке, Алматының өндіріс орындарына жасайтын экскурсиясы, көрші колхоздың пионерлерімен волейболдан болатын жарысы, егіс даласында, қос басындағы концертті, тәжірибе учаскесіндегі, метеорологиялық алаңдағы, үйірмелердегі жүргізілетін жұмыстар баяндалған.

Жүгіруден, секіруден, гимнастикадан, суға жүзуден, жарыс, сүйікті кітап туралы әңгіме, колхозға қолқабыс, кино-театрларға бару — осының бәрі және басқа алуан істер дружина жоспарында айқын суреттелген.

— Бұл қызықты жоспарды жасаған кімдер!

— Пионерлердің өзі, — дейді дружина советінің председателі Рая Айтқожина, — бұл жоспар пионерлердің өздерінің ұсынысы мен тілегі негізінде нақты жасалған. Бәрі де мүлтіксіз орындалады.

М. Мамажанов.

Калинин атындағы колхоз.



Нина Попова

Бейбітшілік жолындағы дүниежүзілік күресте әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы көрнекті қызмет атқарып отыр. Қазірдің өзінде бейбітшілікті сақтау мен нығайту ісіндегі аса көрнекті еңбектері үшін 7 әйелге халықаралық Сталиндік сыйлық берілді.


«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреатының бірі — Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Секретары, совет әйелдерінің Антифашистік Комитетінің председателі Нина Васильевна Попова.

Н. Попованың бүкіл өмір жолы халықпен тығыз байланысты. Ол қай қызметте болмасын, еңбекші халықтан қол үзген емес. Халық арасында қызмет істеген адам.

Ұлы Отан соғысы кезінде Нина Попова — Москвадағы Краснопресня аудандық советінің председателі еді. Соғыстың ауыр күндерінде ол астана халқын әуе соғысы апатынан сақтау жұмысын басқарды. Ол сол кезде құрылған совет әйелдерінің Антифашистік Комитетінің президиумына мүше болып сайланады.

Н. В. Попова бүкіл дүние жүзі бейбітшілік сүйгіш әйелдерінің бірлесіп күреске шығуын басқаратын халықаралық әйелдер ұйымын ұйымдастырушылардың бірі болды. Қазір оның есімі тек Совет Одағында ғана емес, көптеген шетелдерде де белгілі. Ол бірнеше рет халықаралық әйелдер конгресіне совет әйелдерінің делегациясын бастап барды.

Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының вице-председателі Н. В. Попова қазір өзінің бүкіл қабілетін әйелдер мен балалардың правосын қорғауға, бейбітшілік пен прогресс жолына жұмсауда. Оның «Әйелдер фашизммен күресте», «Әйелдердің халықаралық бірлігі — үлкен күш», «Социализм елінің әйелдері» атты еңбектері бар.



Үлгі:Түбісқан республикаларда

СОВЕТТІК ЛАТВИЯ

Советтік Латвия — Отанымыздағы ең жас республиканың бірі. Ол балтық теңізі жағалауына орналасқан. Латвия жерінің көлемі 64,5 мың квадрат километр. Ол шығыс Еуропа жазығының батыс жақ бөлегіндегі адырлы жерлермен астасып жатыр.

Республиканың орталығын таулармен қоршалған Рига — Елгав жазығы алып жатыр. Бұл шұрайлы кең далада егін бітік шығады, жиегін жақпар тастар қоршаған, сабасы кең өзендері Латвия табиғатын көркейте түседі.

Советтік Латвияның соғысқа дейін екі миллионға жуық халқы болған. Мұндағы халықтың 75 процентінен астамы латыштар, қалғандары орыс, украин және басқа халықтар.

Советтік Латвияның орталығы — Рига қаласы. Ол — Балтық жағалауындағы ең ірі өнеркәсіп орталығы және үлкен порт.

Өзінің географиялық жағдайына байланысты Латвия көп ғасырлар бойы Балтық жағалауына қырқысқан шет мемлекеттердің соғыс бастайтын орны болып келді. Сондықтан латыш халқы шетел басқыншыларына қарсы жүргізген ауыр күрестерінде қашаннан бері ұлы орыс халқының көмегіне сүйенді.

Орыс пролетариатының көмегімен латыш жұмысшылары 1919 жылы совет өкіметін орнатқан. Бірақ, ол советтік жас республиканың өмірі ұзақ болмады.

Латыш халқы ұлы Отан соғысы кезінде орыс халқымен және совет халықтарының бәрімен қол ұстаса жүріп, гитлершіл басқыншыларды талқандауға қатысты.

Республика еңбекшілері соғыстан кейінгі жылдарда шаруашылықтың, мәдениеттің барлық салаларында ірі-ірі табыстарға жетті. Бұрын өнеркәсібі кенже қалған бұл ел енді гүлденген индустриялы-аграрлы республикаға айналды.

Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта Ригада электр машина заводы, автоэлектр аспаптары заводы сыяқты ірі-ірі социалистік кәсіпорындары салынды. Рига электр заводы электр жабдықтарын және электрленген темір жолдар мен трамвайларға керекті электр аппараттарын өндірсе, автоэлектр аспаптары заводы ССРО автомобиль өнеркәсібіне керекті электр аспаптарын шығарады. Советтік Латвияда электрленген темір жолдар мен трамвайларға керекті вагондар шығаратын Риганың вагон жасаушы заводы бар. Ригадағы электр техникасы заводы, радио заводы шығарған өнімдер бүкіл елімізге тарап жатады.

СОКП Орталық Комитеті мен Совет үкіметінің қаулыларын орындай отырып, Советтік Латвияның жеңіл және тамақ өнеркәсібінің фабрикалары мен заводтары табыстан табысқа жетіп кетеді. Республикада көпшілік қолды тұтыну заттары мен ауыл шаруашылық азықтарын өндіру ісі соғыстан бұрынғы дәрежеден анағұрлым артты.

Жоғарғы суреттегі Риганың вокзалы.

Республикада балық өнеркәсібі ерекше орын алады. Балық кәсіпорындары балық аулау техникасымен жақсы жабдықталған. Мұның өзі теңіздің шыңырау түбінен балықты көптеп аулауға мүмкіндік береді. Латвия балықшыларының барлығы соңғы жылдарда артель боп ұйымдасқан. Балықты ұқсататын көп жаңа заводтар бар.

Латвия жерінде колхоз тұңғыш рет 1940 жылдың аяқ кезі мен 1941 жылдың бас кезінде ұйымдаса бастаған еді. Ол кезде партия мен үкіметіміздің колхоз құру шараларына социализм жаулары қолынан келген кедергіні жасап бақты. Алайда, күшті колхоз қозғалысына олар бөгет бола алмайды, өйткені еңбекші шаруа коллективтік социалистік шаруашылықтың сара жолына түсіп, алға баса беруге бекінді. Міне сонан бері Латвияның еңбекші шаруалары, бұдан ондаған жыл бұрын осы жолға түсіп, қарыштап алға басып келе жатқан орыс, украин, белорус, қырғыз, грузин, тәжік шаруалары сыяқты, табыстап табысқа жетіп келеді. Республика шаруаларының бәріне жуығы колхозға біріккен. Колхоздардың көпшілігі егінен мол өнім алады. 1953 жылы республикада миллионер колхоздар саны 85 кетті.

Бұл республикада сыйыр шаруашылығы ауыл шаруашылығының жетекші саласы болып табылады. Мұндағы жаратылыс және әуе райы жағдайлары мал азығының берік қорын жасауға мүмкіндік береді. Латыш шаруаларының ежелден ірі қараны жақсы өсіретіні елге әйгілі. Сондықтан бұл республикада жоғары өнім беретін сүтті сыйыр тұқымы — Латвияның қоңыр сыйырлары өсіріледі. Колхоздардың барлығында сыйыр фермасы ұйымдастырылған. Көпшілік колхоздарда мұнымен қоса қара малдың өзге түрлерінен де фермалар бар.

Республикада мал басын арттыру міндеті ойдағыдай орындалып келеді. Мал шаруашылығының өнімі артып, сүт сауу күннен күнге молая түсуде. Фермаларда жыл сайын 5—6 мың килограмм сүт беретін асыл тұқымды сыйырлар көп.

Латвиядағы ірі табыстар тек өнеркәсіппен ауылшаруашылығында ғана емес, олармен қоса республиканың барлық шаруашылық, мәдени өмірінде кездеседі.


Латвияда 1946 жылы Ғылым Академиясы құрылды. Оның 16 ғылыми-зерттеу институттары бар. Бұл ғылыми мекемелерде маңдай

алды егде оқымыстылармен қатар жас ғалымдар да да ғылыммен шұғылданады.

Республиканың халық шаруашылығы мен мәдениетінің барлық салаларындағы қажеттерді өтеу үшін жоғары мамандығы бар кадрлар дайындайтын көптеген жоғарғы және орта оқу орындары құрылған. Республиканың 10 жоғары оқу орындарында 10 мыңнан астам студенттер оқыйды.

Совет үкіметі түрі ұлттық, мазмұны социалистік Латвия искусствосы мен әдебиетті өркендете беруге кең жол ашты. Тек совет өкіметі жылдарында ғана латыш халқы өзінің әдебиетін өркендетумен бірге өз ана тілінде орыс және дүние жүзі әдебиеттерінің классикалық шығармаларын оқуға мүмкіндік алды.

Латвияның Сталиндік сыйлық алған жазушыларының шығармалары бүкіл совет еліне мәлім. Олардың ішінен А. Упиттың «Жасыл жер» романы мен В. Лацистың «Дауыл», «Жаңа жағаға» романдары туыс-



Рига портынан сапарға шыққалы тұрған «Дмитрий Пожарский» кемесі.

қан советтік республикалардың көбінің тіліне аударылған.

Латвия ССР-ның опера және балет театры латыштың тұңғыш балеттерін сахнаға қойды. Риганың киностудиясы түрлі-түсті, документті кино фильмдер, «Советтік Латвия» деп аталатын кино журналдар шығарады.

Латвия ССР-ның астанасы — Рига қаласының бейнесі бұл күнде мүлде өзгерген. 750 жылдығы 1951 жылы тойланған бұл атам заманғы қала қазір мүлдем өзгеріп, көріктене түскен. Соңғы жылдарда Ригада көптеген тұрғын үйлер, мектептер, мәдениет паркттері, Даугава өзеніне көпір салынды, Рига порты, Даугава жағалауы қайта қалпына келтірілді. Ригада тұңғыш зәулім үй — «колхозшылар үйі» деп аталатын жаңа қонақүй құрылысы аяқталуға жақын.

Бұл күндері Советтік Латвияның қалалары мен селоларында латыш әндері әсем, көтеріңкі естіледі. Әр жазда бүкіл республика бойынша ән мерекесі өткізіледі. Ол мерекелерге көркемөнер коллективтерінің көптеген хорлар мен билері қатысады.

Мұндағы жас азаматтар — коммунизмнің жас құрылысшыларын аталық қамқорлыққа бөлеген. Олардың балалық шағы бақытты, шат-шадыман болуға толық жағдай жасалған. Жаңа, жарық үйлерде Советтік Латвияның жас буындары еркін білім алады.

Балалар сабақтан бос уақытында үйірмелерде қызық істермен шұғылданады, пионерлер үйіне, балалар клубына, жас техниктер

станцияларына серуендейді. Дарынын дамытып, жақсы совет маманы болып шығуға әзірленеді.


Балалар жазды пионер лагерлерінде өткізеді. Мұндағы пионер лагерлері республиканың ең көрікті, әсем жерлерінде. Еңбекшілердің көптеген балалары бұрын кілең байлардың ғана үрім-бұтағы саялайтын Рига тұсындағы теңіз жағалауында рахаттанып дем алады. 1953 жылдың жазында пионерлер жақсы тынығумен қоса патриоттық бастама көтеріп, егін жыйнау жұмысына қатысты. Селолық мектептердің оқушылары қыста колхоз лабораторияларында, фермаларында жә-МТС-терде болып мектепте оқыған сабақтарын тәжірибемен ұштастырады.

Балалар өнерінің көзі сан алуан жолдармен ашылады. Мектептердегі мереке концерттерінде және қамқорлыққа алған колхоздарда балалардың хоры ән шырқайды, би билейді, дене шынықтыру өнерін көрсетеді.

Советтік Латвияда жаңа, жарқын өмір жайнай түсті. Совет өкіметі латыш халқының творчестволық жігерінің қаулап дамып беруіне толық мүмкіндік туғызды. Латыш еңбекшілері бұл күндері мемлекет басқару ісіне қатысады, ескінің қалдығы — кедергілерді қыйрата отырып, жаңа анағұрлым прогресшіл қарқынмен өмірдің барлық мәдени, шаруашылық салаларында еселеген қарқынмен еңбектене береді.

*А. Плесмус.
А. Витиньш.*

Рига қаласы.



Латвия ССР-ы Министрлер Советінің үйі.

Суреттерін түсірген Ник. Петров.

М. ГЛИНКА

(Туганына 150 жыл толуына)

Көктем. Майдың тымық айлы кеші. Село жастары хош иісті акацияның жанына жыйналған. Бұлар орыстың «Асқар биік таулардан» деген әнін шырқайды.

Осылардың ішінде шамасы он жасар бір бала тұр.

Ол біресе осы жастардың қатарында тұрып әнге қосылады, біресе ортаға шығып әннің баяу ырғағын қолмен мезгейді. Село жастары оның басқаруына сүйсіне елігіп барады. Баланың нәзік қолының әуенімен ән, толқый, шырқай түседі.

Ай әжептәуір көтерілген. Бірақ халық әндерінің әсерлі сазына елткен бала үйіне кетер емес. Ол өз еркіне жіберсе, таң атқанша отырып әнді тындай берген болар еді. Бірақ апасы Людмила оны еркіне қоймай үйіне алып кетті.

Міне, ол қазір төсекте жатыр. Ұйықтар емес. Оның ендігі мақсаты әлгі естіген әндерді роялда ойнап көру. Оған рұқсат жоқ — уақыт тым кеш. Амалсыз ұйықтау керек. Ол енді ертеңгі таңның атуын үміттеніп күтіп тәтті ұйқыға бөленді.

Әнге бөгіп, тәтті ұйқыда жатқан осы бала орыс халқының болашақ ұлы композиторы Михаил Иванович Глинка еді. Глинка 1804 жылы Смоленск облысы Новоспасск селосында туды.

Глинканың музыкалық қаблеті өте ерте оялды. Ол сегіз-тоғыз жасында рояль, скрипка сыяқты музыка аспаптарын ойнай бастады.

Баласының музыкаға қаблеттілігін байқаған соң ата-анасы оны 1817 жылы Петербургке апарды.

Петербургте бес жыл оқып Глинка музыкалық толық білім алды. Глинканың ендігі бар мақсаты орыстың ұлттық операсын жазу болды. Опера жазуда Глинканың алдына қойған міндеті — қарапайым адамның өмірін көрсету. Ол операсының негізгі кейіпкері етіп өз Отанын қорғауда құрбан болған кедей шаруа Иван Сусанинді алды.

Глинка «Иван Сусанин» операсын 1837 жылы жазып бітті. Бұл опера сол жылы Петербург театрында қойылып зор бағаға ие болды. Операның қай жерінен болмасын халық музыкасының сарыны байқалады.



Глинканың «Иван Сусанин» операсы орыс халқының ұлттық тұңғыш операсы еді. Глинка бұдан кейін Пушкиннің поэмасы бойынша «Руслан мен Людмила» операсын, «Вальс фантазия», «Камаринск» сыяқты симфониялық шығармалар және көптеген романстар мен әндер жазды.

Глинка бертін, атақты композитор болған кездің өзінде де халық музыкасын аса зор бағалап: «музыканы шығарушы — халық, біз, композиторлар, оны өңдеушіміз» деген. Глинканың жоғарыда айтылған «Иван Сусанин», «Руслан мен Людмила» опералары асыл шығармалар ретінде барлық елдердің театрларында күні бүгінге дейін қойылып келеді. Оның шығармалары қазақ халқы арасында да кең тараған. Глинканың опералары қазақтың Абай атындағы опера балет театрының сахнасында қойылады, симфониялық шығармалары Құрманғазы атындағы халық музыка аспаптар оркестрінде ойналады, әндері мен романстары атақты әншілерінің аузында айтылады.

Глинка — әдебиеттегі Пушкин сыяқты, орыстың ұлттық музыкасының негізін салушы классик композитор.

С. Мұхамеджанов.
Композитор.

ИГІЛІКТІ ЕҢБЕУ

Сапарғали Бегалинмен бұдан он жеті жыл бұрын Алматыда алғашқы кездескенімде Сапарғали қырықтан асып кетсе де уылжыған жастық шағының жалынды, жарқын қалпын толық сақтаған жігіт еді. Ол он тоғызыншы ғасырдың аяқ шенінде қазіргі Семей облысының Абралы ауданында, көшпелі қазақ ауылында туы; келмеске кеткен кер заманның сүреңсіз, бақытсыз өмірін бастан кешірді.

Балалар әдебиетінде жемісті еңбек сіңіріп жүрген қадірлі қарт жазушымыз Сапарғали өткен заманның кейістігін көріп, еңбекшілердің тартқан азабын санасына берік сақтады. Кедей-жалшы балаларының ол кездегі төзімсіз ауыр тұрмысын Сапарғали кейін жазған әңгімелерінде шынайы суреттеді.

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер» дейді халық. Сондай-ақ, Сапарғали әліне қарай балалар әдебиетіне аянбай еңбек сіңіріп жүрген, қаламы төселіп қалған жазушыларымыздың бірі.

Сапарғали — әдебиет майданына шын мәнісінде кешең араласқан жазушы. Оның тұңғыш еңбектері 1935 жылы республикалық газет, журналдарда жарыққа шықты.

1938 жылы «Әдебиет майданы» журналында Сапарғалидың «Тау сыры» атты көлемді тұңғыш поэмасы басылды. Бұл поэмасында ол совет жастарының ерлігін шынайы суреттейді. Халық әдебиетінің мол қазынасын жақсы меңгерген, оны қазіргі заманның үнімен, жырымен ұштастыра білетін жазушы бұл поэмасымен бірден көзге түсті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сапарғали жеңіске үндейтін көптеген өлеңдермен қатар, балаларға арнап «Қыран кегі», «Қанатты қазақ» поэмаларын жазды. «Қанатты қазақ» поэмасында капитан Гастеллоның мәңгі өшпейтін даңқты ерлігін қайталаған Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіровтың қаһармандығы суреттелген.

Соғыстан кейінгі жылдарда Сапарғали балаларға арнап шығарма жазуға біржола беріле кірісті. Колхоз балаларының, теміржол жұмысшыларының өмірінен жазған әңгімелері мен өлеңдері республикалық газет, журналдарда үнемі басылып келеді.

«Шопан даңқы», «Төлбасылар», «Жылқышы қыз»,



Сапарғали Бегалин.

«Сел», «Алданған жолбарыс», «Бес батыр» және басқа әңгімелері қазақ балалар әдебиеті қорын байыта түскен шығармалар болды.

Балалар өмірінен жазған көлемді шығармасы «Сәтжан» повесті Сапарғалиды бүкіл одақ жұртшылығына танытты. Бұл повесте колхоз балаларының өмірі мен еңбегі суреттеледі. Колхоздың мал шаруашылығын өркендету ісіне белсене қатнасқан пионерлердің үлгілі істері, олардың өлке тану жұмысындағы қажырлы еңбектері, спорт өнеріне жаттығулары повесте жарқын бейнеленеді. 1950 жылғы одақтық конкурста бұл повесті үшін Сапарғалиға бәйге берілді. Повесть сол жылы Москваның «Пионер» журналында басылды, кейінде көп тиражбен екі рет жеке кітап болып орыс тілінде басылып шықты.

Соңғы үш жылдың ішінде С. Бегалиннің «Ермектің алмасы», «Жас бұтақ», «Жеткіншектер» атты әңгімелер жыйнағы шықты. Сонымен қатар ол қазақ балалар әдебиетінде

бұрын жөнді еленбей келген суретті кітапшалар жазу ісіне белсене араласты. Балалар өмірін суреттейтін бірнеше суретті кітапшалар бастырды.

Сапарғали жазушылық өнеріне жетілуде орыс совет балалар әдебиетінің үлгілерін үйреніп жүрген, іздену жолындағы жазушы.

Жазушының қаламынан шыққан шығармалары бәрі бірдей мінсіз деуге болмайды. Көркемдік шеберлігі кемшін еңбектері де жоқ емес. «Көксегеннің көргендері» және басқа жеке әңгімелерінде Сапарғали балалар өмірін үстірт, жеңіл суреттеп, көп жайларды балалардың ұғымына лайықсыз қалыпта көрсетеді. Кейде тіпті нәрсіз схемаға бойұрып, қазіргі заманның балаларына үйлеспейтін нанымсыз уақытгаларды алған кездері де болды. Бұл әрине жазушының іздену, үйрену жолындағы қиыншылықтан туған кемшіліктері еді.

Жазушының игілікті еңбегінің жемістері молая берсін, ұзақ жылдар жасап, советтік балалар әдебиетіне құнды үлестер қоссын деген тілектестік көңілімізді білдіреміз.

СЕЙТЖАН ОМАРОВ.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журнала «Пионер».

Подписано к печати 18/V 1954 г. УГ05618. Бум. 84×108^{1/16} — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 830.




Дешелі

УАҚЫТЫҢДА




ШАХМАТ



Мына ойында үш жүріспен мат кою керек. Бұл қалай?
Е. БРАУН.


РЕБУС



Мына ребусты шешкенде А. Суворовтың өсиеттерінің бірі шығады.

Жіберген О. Желдібаев, Семей қаласы.


ЖЕТІ БАТЫР



Осы сурет сызықтың әр клеткасына тегіс әріптерді қойып шықсаң, орыс халқынан шыққан атақты жеті батырдың фамилиялары шығады. Олар кімдер?

Жіберген М. Салпағаров, Жамбыл облысы.

ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЧАИНВОРД



1. 90° бұрыш жасап тұрған қабырға. 2. Геометриялық құрал. 3. Барлық қабырғалары тең параллелограм. 4. Бұрышты тең бөлетін түзу. 5. Екі түзуді бір түзу қыйып өткенде шығатын бұрыш аты. 6. Теореманың құрамы. 7. Екі түзуді үшінші бір түзу қыйып өткенде шығатын бұрыш аты. 8. Геометриялық өлшемнің кішісі. 9. Хордалардың ең үлкені. 10. Шеңбердің кез-келген бір нүктесі мен центріні қосатын түзу. 11. Қыюшы арқылы шеңберден қыйылған бөлік.

Құрастырған Ж. Есетов, Батыс Қазақстан облысы, Жымпиты ауданы.

ЖҰМБАҚ

Өзінен үлкен екен екі құлақ, Алған жок ешкімнен оны сұрап. Қаншама мықтымын деп жүргендерді, Алады жолыққанда мойнын бұрап.

Жіберген В. Хасенов, Жамбыл облысы.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылғы 4-номерінде басылған жұмбақтардың, анаграмманың, чайнвордтың, кроссвордтың, шахмат есебінің жауабы:

«ЖҰМБАҚТАР»

1. Көлеңке. 2. Қара торғайлар.

«АНАГРАММА»

1. Дон. 2. Тон.

ФИЗИКАЛЫҚ ЧАИНВОРД

1. Физика. 2. Ампер. 3. Рентген. 4. Ньютон. 5. Насос. 6. Сынап. 7. Полиспаст. 8. Телескоп. 9. Попов. 10. Вольфрам. 11. Магнит. 12. Температура. 13. Анероид. 14. Дина. 15. Архимед. 16. Динамометр. 17. Реостат. 18. Термометр. 19. Рулетка. 20. Аппарат. 21. Трансформатор. 22. Резонанс. 23. Сым. 24. Метр. 25. Радио. 26. Ом.

КРОССВОРД

КӨЛДЕНЕҢІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Клоун. 3. Бал. 5. Метро. 7. Татар. 8. Тисса. 10. Кама. 11. Ақын. 12. Ана. 13. Кактус. 15. Арарат. 17. Ымырт. 18. Көктем. 20. Альбом. 22. Мыс. 24. Мата. 25. Бака. 29. Колас. 30. Лирик. 31. Темір. 32. Нар. 33. Ертіс.

ТІГІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Көкек. 2. Нота. 3. Бараба. 4. Литота. 5. Маса. 6. Орман. 7. Томск. 9. Асқар. 13. Көк. 14. Сым. 15. Ата. 16. Том. 19. Кәток. 21. Бланк. 22. Муссон. 23. Суфлер. 24. Мақат. 26. Атлас. 27. Хлор. 28. Ерте.

«ШАХМАТ»

Шахмат есебінің жауабы.

С d 8 — f 6

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Р. Иманов (Ташкент қаласы), Ә. Дарушов (Оңтүстік Қазақстан облысы), М. Шойбекова (Молалы станциясы), С. Жұмағұлов (Алматы облысы), Р. Жұманова (Алматы қаласы), А. Шонайбаева (Ұлан ауданы), Г. Ақжанов, Т. Гайнешев (Астрахань облысы).